

Almaty

AQSHAMY



ҰЛТТЫҚ КИМ НАРЫҒЫ

Сұраныс артты,
баға да өсті

8

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №27 (6705) 17 наурыз, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

НАУРЫЗНАМА

ШАҒАРДАҒЫ «ШАҢЫРАҚ КҮНІ»

Алматыда отбасылық эстафеталар өтеді

Бүгін – «Шаңырақ күні». Ұлы дала Бөркениетінің, бағзы бай тарихтың мұрагері болған халқымыз үшін шаңырақтан киелі ұғым жоқ шығар. Шаңырақ – отбасы, ол – Отан, – ол өмір жылуы. Наурызнама онкүндігі аясында 17 наурыз осы киелі ұғымға арналады.

Шырайлы шағарымызда бұл күн айрықша мерекелік көңіл күйде аталып өтпек. Шаңырақ күні, яғни Отбасы күні ұйымдастырылатын іс-шаралар отбасы құндылығын дәріптеуді мақсат етеді.

Мерекелік іс-шаралар легінде инклюзивті санаттағы балалар мен олардың отбасы мүшелеріне арналған отбасылық спорттық эстафеталар өтеді. «Кемел» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өтетін бағдарламасына «Баланс», «Допты бақылау», «Олимпиадалық шеңбер», «Пирамиданы құрастыр» және «Балалар – өмір гүлі» қатарлы спорттық және ойын кезеңдері енгізілген.

Бұған қоса, тура бүгін 11 мың домбырашы Қазақстан рекордтар кітабына жаңа жетістік енгізбек. Наурыз мерекесін атап өту аясында Білім басқармасы «Домбыра үні» атты ауқымды акция ұйымдастырды. Қаланың 6–10-сынып оқушыларынан құралған жас домбырашылар бір мезетте күй орындап, ұлттық өнердің құдіретін паш етеді.



Қолжазды жасаған Нұрболсын ОРСҰЛЫ.

РЕФЕРЕНДУМ

ТАРИХИ ТАҢДАУ

Қала тұрғындары жаңа Конституцияға дауыс берді



Жаңа Конституция жобасына байланысты республикалық референдум Алматы үшін тарихи күн ретінде есте қалды. Қала халқы жоғары азаматтық белсенділік танытып, дауыс беру учаскелеріне келгендердің саны соңғы жылдардағы ең жоғары көрсеткішке жетті. Таңсәріден бастап алматылықтар дауыс беруге отбасымен, достарымен және әріптестерімен бірге келді.




БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz





ҮНҚОСУ

Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы:Менің дауысым –
ел болашағы үшін
маңызды

Бүгін мен референдумға барып, өзімнің азаматтық борышымды өтедім. Есімде, 1995 жылғы конституциялық референдумға да қатысып, дауыс берген едім. Бірақ ол заман мен қазіргі заманды салыстыруға болмайды. Одан бері 30 жыл өтіпті.

Әлем өзгеріп жатыр, Қазақстан да өзгерді. Сол себепті, жаңа заманға лайықты Конституция қажет болды деп санаймын. Бұл референдумның ерекшелігі неде десек, мәселен, бұдан бұрынғы конституцияда супер президент билігі болды. Ал қазіргі жаңа Ата Заң жобасында «Күшті Президент, ықпалды Парламент, есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген. Сондықтан жаңа заманға лайықталған түрі бізге ұнады, референдумда қолдап дауыс бердім. Бұл менің азаматтық ұстанымым, әрі ел азаматы тұрғысынан әділ шешім қабылдағаным деп білем. Мен өз таңдауымды жасадым, менің берген дауысым елімнің болашағы үшін маңызды.

Ел игілігі үшін белсенділік танытқанымды – өзімнің азаматтық борышым деп білемін. Өз оқырмандарымыз бен тыңдармандарымыз да әділ шешім жасайды деп ойлаймын.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

АЛМАТЫЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Жаңа Конституцияны халық таразысына ұсынған республикалық референдум мәресіне жетті. Қаламыздағы референдум учаскелері таңғы 07.00-ден кешкі 20.00-ге дейін дауыс берушілерді қабылдады. Маңызды саяси науқанда азаматтар өз таңдауын жасап, ел болашағына қатысты шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігін пайдалана алды.

Жаңа Конституция жобасы бойынша өтіп жатқан республикалық референдум күні қаламыздағы №214 мектеп аумағында мерекелік акция ұйымдастырылды. Бұл жерде №625, 679, 680, 681 және 682 референдум учаскелері орналасқан болатын. Акцияны Наурызбай аудандық әкімдігі гүл дүкендерінің бірімен бірлесіп өткізген. Дүкен директоры Анастасия Ярутина учаскелерге келген әйелдерге қызғалдақ гүлдерін тарту етті. Оның айтуынша, бұл дауыс беруге келген нәзік жандыларға көрсетілген символикалық құрмет.

Бірқатар референдум учаскесінің жанында қолөнершілер жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Мұнда қолдан жасалған әшекейлер, тоқылған киімдер, сөмкелер, шопперлер және түрлі авторлық бұйымдар ұсынылды. Қала тұрғындары жәрмеңке сөрелерін қызығушылықпен аралап, шеберлермен әңгімелесіп, кәдесыйлар сатып алды.

Дәстүрлі ойындар да назардан тыс қалған жоқ. Жастар асық ойнап, айналасына көрермендерді жинады. Кейбір тұрғындар ойыншыларды қолдап, өздері де осы көне қазақ ойынында бағын сынап көрді.

Күні бойы дауыс беру учаскелерінде тәртіп сақталып, процесс ашық әрі ұйымдасқан түрде өтті. Байқаушылар мен комиссия мүшелері референдум талаптарының сақталуын қадағалады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызмет көрсету үшін 170 «Инватакси» көлігі жұмылдырылды. Оның ішінде 36 арнайы жабдықталған көлік және 134 жеңіл автокөлік те бар. Сонымен қатар, өтініс түскен жағдайда пайдалануға арналған қосымша 20 автокөлік те қарастырылған.

Референдум бойынша Алматы қаласындағы дауыс беру көрсеткіші – 33,43% болды. Ендігі кезекте дауыс беру нәтижелері шығарылып, халық таңдауының қорытындысы жарияланады.

Мегаполистегі референдум барысынан азаматтардың ел болашағына бей-жай қарамайтынын, тағдыршешті маңызды сәтте жұрт болып жұмыла алатынын анық аңғартты. Әр азаматтың белсенділігі артып келе жатқан қоғамда саяси мәдениет көрініс тапты. Осылайша қазақстандықтар ел тарихындағы елеулі саяси оқиғаны сәтті өткеріп шықты.

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:Бұл бір
жақсылықтың
нышаны

Ел болашағы сарапқа түскен саяси науқан халқымыз үшін ең қасиетті Ораза айына келіп отыр. Өз басым үл бір жақсылықтың нышаны, жақсылықтың бастауы деп ырымдап отырмын. Олай дейтінім, оң өзгерістерге толы саяси науқан болды.



Ең бастысы, азаматтарымыздың құқығы басты назарда, барынша қорғалған. Білім алуға, ғылыммен айналысуға толық жағдай жасалып, инновациялық заңдылықтар қарастырылған. Бүгінде халықтың көзі ашық, көкірегі ояу. Барлығымыздың да саясаттан хабарымыз бар. Сондықтан дәл осы күні «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», тайлы-тұяғымызбен сайлау учаскесіне барып өз таңдауымызды жасадық.

Мен де таң атысымен №372 сайлау учаскесіне барып, өз елімнің, жас ұрпақтың болашағы үшін дауыс бердім. Еңбек ардагері ретінде жастарға қарата айтар едім: түрлі арандатушылардың алыпқашпа әңгімесіне ілеспей, ақылмен жүріңдер! Елдің болашағы, келешегі жастардың қолында!

Әлия БӨПЕЖАНОВА,
ҚР еңбек сіңірген
қайраткері:Сапалы жаңғыруға
жол ашады

Бүгінгі күнді ел тарихында аса маңызды күн деп есептеймін. Себебі, жаңа Конституция бойынша референдум өтіп жатыр. Мен де №231 референдум учаскесінде өз дауысымды бердім. Жаңа Конституция еліміздің болашағы мен дамуы үшін маңызы зор деп білем. Ондағы қадап айтатын мәселе – адамның құқықтары мен бостандықтары алдыңғы орынға қойылуы. Шын мәнінде, бұл біздің әрқайсымызға қатысты.

Мемлекетіміз тәуелсіздігінің 35 жылдығына аяқ басты, бұл саяси оқиға еліміздің сапалы түрде жаңғыруы деп қабылдаймын. Өйткені, жаңа құжат мемлекеттік құрылым мен қоғамның жаңа сапаға көтерілуіне жол ашады. Ғылым-білімнің, мәдениеттің және цифрлық технологиялардың дамуына да қажетті заңнамалық тетіктер қарастырылып отыр.

Білік құрылымында Құрылтайдың болуы да аса маңызды бір өзгеріс болды. Онда қоғамның барлық тобының, әр буын өкілдерінің дауысы естіледі. Осы беталыстардың бәрін өз басым демократиялық концепцияның орнығуы деп есептеймін.

Дана
САДЫРҚАН

Алматы қаласында да референдум жоғары деңгейде өтті. Қала бойынша 653 сайлау учаскесі дауыс берушілер үшін барлық қажетті жағдай жасады. Таңсәріден учаскелерге келген тұрғындар азаматтық борыштарын орындап, елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғаға атсалысты.

Референдум барысында түрлі сала өкілдері – қоғам қайраткерлері, мәдениет және спорт өкілдері, танымал тұлғалар, жастар мен ардагерлер өз таңдауларын жасап, тұрғындарды белсенді болуға шақырды. Қаладағы бірқатар учаскеде танымал тұлғалар дауыс беріп, азаматтық жауапкершіліктің маңызын атап өтті. Олардың қатарында елге белгілі қаламгерлер, әр саланың үздігі, өнер жұлдыздары мен қоғам қайраткерлері де болды.

Кезекті маңызды саяси науқанда Алматы жоғары азаматтық белсенділік танытты. Дауыс беру уақыты бастала салысымен референдум



учаскелерінде қарбалас байқалды. Әсіресе, жастардың белсенділігі анық байқалды. Қатарында кәмелетжасына толып, алғаш рет өзінің дауыс беру құқығына ие болған алматылықтар да көптеп кездесті.

Ал қаладағы бірнеше учаскеде көктем мерекесінің лебі есіп тұрды. Қала тұрғындары үшін фотозоналар ұйымдастырылып, кей жерлерде шағын мәдени бағдарламалар ұсынылды. Кейбір референдум учаскелерінде әйелдерге гүл сыйланды. Бұл тұрғындардың көңіл күйін көтеріп, дауыс беру күнін ерекше қоғамдық күн ретінде есте қалдыруға мүмкіндік берді.





15 НАУРЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Тәуелсіз бақылаушылардың ақпараттық штабы референдум қорытындысына арналған соңғы брифингін өткізіп, штаб жұмысының нәтижелерін жариялады. Брифинг барысында ақпараттық штабтың қызметі, референдум күні жүргізілген мониторинг жұмысы қорытындыланды.

жан-жақты даярлаған. Олар сайлау заңнамасының талаптары бойынша арнайы оқудан өтіп, құқықтық мәдениет негіздерімен танысқан. Со-



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Штаб жетекшісі Рафаэль Гасанов референдум өткен күн ел тарихындағы маңызды кезең болғанын атап өтті.

«Орталық сайлау комиссиясы экзитпол нәтижелерін жариялады. Сондықтан 15 наурыз еліміз үшін тарихи күндердің бірі болды деп айтуға болады. Енді бұл күн Конституция күні ретінде аталып өтеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы да қазақстандықтарға арнаған үндеуінде айтты», – деді Рафаэль Гасанов.

Қоғам қайраткері Александр Братенков референдум кезінде бақылаушылардың кәсіби дайындығы мен құқықтық сауаты маңызды рөл атқаратынын айтты. Референдум күні ақпараттық штаб ұйымдастырған тікелей эфирдің қоғам тарапынан үлкен қызығушылық тудырғанын айтты. Оның мәліметінше, 12 сағатқа созылған эфир ел бойынша 11 миллионнан астам пайдаланушыны қамтыған.

«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының жетекшісі Александр Братенков бақылаушылардың кәсіби дайындығының жоғары болуы референдумда аса маңызды екенін баса айтты. Оның айтуынша, сурет, бейне немесе аудио түсірілім жасауға заң толық тыйым салмайды. Алайда, дауыс беру сәтін тікелей эфирде көрсетуге немесе оны бірден



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

әлеуметтік желілерге жариялауға болмайды. Мұндай әрекеттер дауыс беру құпиясының бұзылуына әкелуі мүмкін немесе жасырын үгіт-насихат ретінде бағалануы ықтимал.

– Бақылаушылардың кәсіби дайындығы бұл үдерісте ерекше маңызды рөл атқарады. Өйткені, бақылаушы бақылап қана қоймай, референдум процесінің заңға сай өтуіне ықпал ететін қоғамдық институттың өкілі болып саналады. Ол заң нормаларын жақсы білуі, түрлі жағдайларда дұрыс әрекет ете алуы және ақпаратты сауатты жеткізуі қажет, – дейді аталған бірлестік өкілі.

Осыны ескере отырып «Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы өз бақылаушыларын алдын ала

нымен қатар, әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау ережелері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ дау туындаған жағдайда оны заң аясында шешу тәсілдері бойынша білім алды.

Бұдан бөлек, ақпараттық штаб алаңында 20-дан астам БАҚ өкілі жұмыс істеді. Штаб жетекшісінің айтуынша, тәуелсіз бақылаушылардың ақпараттық штабының жұмысы Қазақстан үшін жаңа тәжірибе болды.

«Халықаралық серіктестеріміздің бағалауынша, мұндай формат Орталық Азияда алғаш рет қолданылып отыр. Бұл елдегі процестердің барынша ашық өтіп жатқанын көрсетеді», – деді спикер.

PIKIP

Мағира ҚОЖАХМЕТОВА,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері:



Келешектің қамы үшін...

Бұл ел үшін маңызды шешім қабылдайтын күн. Біздің әрқайсымыз ел тағдырына бей-жай қарамай, маңызды шешімдер қабылданатын сәттерде белсенділік танытуымыз керек. Бүгінгі референдум – мемлекетіміздің болашағына қатысты ортақ жауапкершілікті сезінетін күн. Осындай маңызды күндері азаматтық ұстанымды білдіру – әрқайсымыздың парызымыз.

Болашақ жастардың қолында деп көп айтамыз. Шын мәнінде, бүгін халықтың сарабына ұсынылып отырған басты құжат сол жастардың келешегі үшін жасалған қадам. Біздің қазақ жастары өзгемен терезесі тең болып, өзге жұрттан жасқанбайтын елде өмір сүруі үшін осындай үлкен саяси науқанды өткізіп отырмыз.

Еліміздің болашағы, жастардың келешегі үшін мен де міне, Алматыдағы 245-ші учаскеде өз дауысымды бердім. Ертеңгі тізгінін ұстаған ұрпағымыз елімізді алға бастыра берсін.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағы басқармасының
төрағасы:



Дәуірге сай даңғыл жол

Республикалық референдумда азаматтарымыз құбылмалы жаһандық геосаяси

кеңістікке, жаңа технологиялардың, ақпараттық тасқындардың кезеңінде кемелді келешек үшін жұмыла алды. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып», дәуірге сай даңғыл жол таба білетін елдіктің үлгісін танытты.

Қазақ елі шын мәнінде қазіргі қазақстандықтардың арман-мұратынан ғана қаланған ел емес. Ол – мыңжылдықтар тереңінен тамыр алған Ұлы даладағы байырғы бабалар құрған даңсалы мемлекеттердің заңды мұрагері. Сол үшін де ұлы далалық мәдени мұраны қорғап, қолдап болашаққа жеткізу елдік мұратымыздың маңызды бір бөлігі саналады. Ел қолдаған жаңа Конституция, міне, осы Ұлы даланың мәдени мұрасын дамытудың негізі.

Қаламгер қауым да бұл тұрғыда өздерінің салмақты тарихи миссиясының бар екенін жақсы сезінеді. Әрі мемлекет тарапынан көтерілген игі бастамаларға шынайы қолдауын жалғастыра береді. Мен республикалық референдумда Қазақстан деген үлкен мемлекеттің, халқының жарқын болашағы, ұрпағымыздың өсіп-өркендеуі, елдің бақытты, бай-қуатты болуы үшін дауыс бердім.

Марат ҚАЛИМОЛДИН,
Алматы қалалық
Қоғамдық кеңесінің
мүшесі:



Саяси мәдениеттің айқын көрінісі

Елімізде өткен референдум – Қазақстан қоғамының саяси мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігінің айқын көрінісі болды. Бұл маңызды саяси науқанда халық белсенділік танытып, ел болашағына қатысты өз пікірін білдірді. Мұны мемлекетіміздің дамуына бей-жай қарамайтын азаматтардың ортақ ұстанымы деп бағалауға болады.

Заңға енгізілген өзгерістер халықтың сұранысы мен заман талабына сай жүзеге асырылып отыр деп ойлаймын. Референдум арқылы әрбір қазақстандық өз таңдауын жасап, елдің алдағы даму бағытына үлес қосты. Бұл – демократиялық қағидаттардың қоғамымызда берік орнығып келе жатқанын көрсетеді.

Осындай маңызды сәтте азаматтардың белсенділік танытуы – елдің бірлігі мен тұрақтылығының кепілі. Референдум нәтижелері мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенім мен жауапкершіліктің жоғары деңгейде екенін дәлелдеді. Алдағы уақытта да қоғам болып бірлесе отырып, еліміздің тұрақты дамуы мен жарқын болашағы үшін еңбек ете береміз деп сенемін.

ТАРИХИ ТАҢДАУ

Қала тұрғындары жаңа Конституцияға дауыс берді

(Басы 1-бетте)

Мемлекет болашағы үшін маңызды оқиғаға мәдениет ошағы саналатын қаланың тұрғындары өздеріне тән шығармашылықпен қарап, креативті түрде қатысты. Участкелерде музыка ойнап, шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті және қолөнер шеберлерінің жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Дауыс беруге келген кей азаматтар қар барысы мен бүркіт бейнесінде киінді, енді бірі Threads әлеуметтік желісінің кейпінде келді.

Адамдарды тәнті еткен ерекше сәттердің бірі – халық әндерін шырқаған әжелер хоры болды. Ал жастар би билеп, асық ойнап, арнайы безендірілген фотоаймақтарда суретке түсті.

Көптеген алматылық дауыс беру учаскелеріне жұмыстан кейін немесе пойыздан түсе сала келіп жатты. Олар үшін референдумға қатысу азаматтық міндет қана емес, сонымен бірге маңызды жеке шешім болды.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





ЖЕТИСУ АУДАНЫ

АҒА БУЫН АҚЫЛЫ

Ардагерлер кеңесінің қызметі талқыланды

Ардагерлердің XIII есеп беру-сайлау конференциясы Алматы қаласының Жетісу ауданында өтті. Бес жыл сайын өтетін бұл есеп беру-сайлау конференциясы – аса маңызды басқосу. Өйткені, мұндай жиында тек өткен кезеңнің қорытындысы ғана емес, алдағы жылдардың бағыт-бағдары да айқындалады. Сондықтан бұл жолғы басқосу мазмұнды әрі тағылымды жиын ретінде естелі қалды. Сонымен қатар, ол қоғамның рухани тірегі саналатын ардагерлердің тәжірибесі мен өмірлік ұстанымдары тоғысқан маңызды алаңға айналды.

келеді. Әсіресе, жастармен кездесулер, тарихи естеліктер кештері, патриоттық тәрбие сабақтарын өткізу дәстүрге айналған.

Сонымен қатар, ардагерлердің әлеуметтік жағдайына қатысты мәселелер де назардан тыс қалмады. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, тұрмыстық мәселелерді шешу бағытында нақты жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Конференцияға қатысушылар Ардагерлер кеңесінің осы бағыттағы қызметін жоғары бағалап, оның қоғамдағы рөлінің маңызды екенін айтты.

Ұрпақ сабақтастығы – басты құндылық. Сондықтан бұл мәселе жиын барысында бірнеше рет көтерілді. Шынында да, бүгінгі таңда жастар тәрбиесінде аға буынның тәжірибесі мен ақыл-кеңесінің маңызы зор. Ардагерлердің өмір жолы – жастар үшін үлкен мектеп. Олар талай қиын кезеңді бастан өткізіп, елдің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Сондықтан олардың өмірлік тәжірибесі мен өнегесі кейінгі буынға үлгі болуы тиіс. Конференцияда сөз сөйлеген ардагерлер жастарды елін сүюге, еңбекқор болуға және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге шақырды.

Аталған жиын тек есеп беру форматымен шектелмей, ашық пікір алмасу алаңына да айналды. Қатысушылар ұйым жұмысына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, ардагерлердің қоғамдық өмірге белсенді қатысуын арттыру, жастармен байланысты нығайту, мәдени және әлеуметтік жобаларды көбейту сияқты мәселелер талқыланды.

Сонымен бірге, ардагерлер ұйымының жұмысын заманауи форматта дамыту, ақпараттық жұмыстарды күшейту қажеттігі де атап өтілді. Жиын барысында алдағы кезеңге арналған жаңа міндеттер мен жоспарлар да талқыланды. Конференцияның маңызды бөлігінің бірі – ұйымның келешек қызметінің негізгі бағыттарын айқындау болды.

Конференция қорытындысы бойынша Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы болып Тамара Шәкірова сайланды. Сондай-ақ, қалалық XI конференцияға делегаттар сайланды.

тарды жүйелі түрде жүргізіп келеді, – деді ол.

Конференция жұмысына қатысқан Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева ұйым қызметінің негізгі бағыттарына тоқталып, оның қоғамдық өмірдегі маңызын атап өтті. Сонымен қатар, ауданның 90 жылдығына байланысты қолға алынған жоспарлар туралы да ортаға салды. Ол ардагерлер кеңесінің басты міндеттерінің бірі – аға буынның әлеуметтік жағдайына көңіл бөлу, олардың құқығы мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ жастарға патриоттық тәрбие беру екенін айтты. Басқосу барысында соңғы жылдары жүзеге асырылған жобалар мен бастамалар кеңінен талқыланды.

Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы атқарылған жұмыстардың ауқымы туралы жан-жақты баяндама жасап, ұйымның қоғамдық, әлеуметтік және мәдени бағыттағы қызметіне тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесі мектептермен, жоғары оқу орындарымен және түрлі қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, көптеген тәрбиелік әрі мәдени іс-шаралар ұйымдастырып

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Алматыда жылыту маусымы басталғалы бері 153 өрт тіркелген. Бұл туралы брифинг барысында қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері мәлімдеді. Өрт салдарынан екі адам қаза тауып, үш адам түрлі жарақат алған.

Дана
САДЫРҚАН

Мегаполисте жылыту маусымы қала әкімінің қаулысына сәйкес 8 қазанда ресми түрде басталды. Бұл кезеңде пештерді, газ жабдықтары мен электр жылытқыштарын пайдалану өрт қаупін едәуір арттыратындықтан, құтқару қызметі жылдағыдай қауіптің алдын алатын жұмыстарды күшейте түседі. Алматы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылауы басқармасының бас маманы Дулат Жандардың айтуынша, екі адам қаза тауып, тағы үш адам әртүрлі жарақат алған.

Биыл жылыту маусымы кезінде табиғи газдан уланудың үш дерегі тіркелді. Соның салдарынан алты адам зардап шеккен, олардың төртеуі – балалар.

Қалада 151 мыңнан астам жеке тұрғын үй бар. Құтқарушылар, әсіресе, қатты отынмен жылытылатын 1450 үй мен қаңқалы-қамысты типтегі 5605 ескі үйді ерекше бақылауға алған. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтар тұратын 689 үй мен тәуекел тобына жататын төрт мыңнан астам үй – назарда.

Мамандардың айтуынша, қауіптің алдын алудың тиімді тәсілдерінің бірі – көміртек тотығын анықтайтын арнайы датчиктер орнату. 2018 жылдан бері қалада 1740 осындай құрылғы орнатылған. Ал 2025-2026 жылғы жылыту маусымында қосымша 280 датчик қойылды.

Алматыда газбен жабдықтау жүйесінің

қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмысы да жалғасып жатқанын айта кеткен жөн. «QazaqGaz Aймақ» компаниясының мәліметінше, қалада 4855 шақырым газ тарату желісі пайдаланылып отыр. Жүйені жаңғырту мақсатында арнайы инвестициялық бағдарлама жүзеге асырылуда. Оның аясында 2024 жылы 26,88 шақырым газ құбыры жаңартылған. Биыл тағы 36,4 шақырым газ құбырын қайта жаңғырту жоспарланған.

Қалада газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану бойынша тексерулер де жүргізіліп жатыр. Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Жандос Қайырханов былтыр профилантикалық жұмыстар барысында 197 нысан тексерілгенін мәлімдеді.

Олардың қатарында 22 базар, 29 сауда-ойынсауық орталығы, 25 автономды қазандықтары бар нысан (тұрғын кешендер, әкімшілік ғимараттар және жеке үйлер), 24 газдандырылмаған жатақхана мен хостел мен 97 қоғамдық тамақтану нысаны бар. Мұндай іс-шаралардың негізгі мақсаты – апатты азайту мен коммуналдық-тұрмыстық инфрақұрылым нысанындағы қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Мамандар тұрғындарға газ және жылыту құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды ескертеді. Өрт немесе төтенше жағдай туындаған кезде 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарласу қажет.

Рая
ЕСКЕНДІР

Конференцияға қалалық және аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшелері, ардагерлер ұйымдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері, жергілікті атқарушы орган өкілдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың мүшелері қатысты. Жиын барысында өткен жылдардағы жұмыстар сараланып, ұйым қызметінің нәтижелері талқыланып, алдағы кезеңге арналған жаңа міндеттер белгіленді.

Алғашқы сөз кезегін қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов алды.

– Қоғам дамуының әр кезеңінде аға буынның орны ерекше. Олар ел тарихын жасап қана қоймай, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолындағы күрделі кезеңдердің куәгері болды. Бүгінде ардагерлер кеңесі қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға, жастар тәрбиесіне және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге белсенді атсалысып келеді. Жетісу ауданындағы Тамара Шәкірова басшылық етіп отырған Ардагерлер ұйымы да осы бағыттағы жұмыс-

БАЙҚАУ

БОЛАШАҚ БУХГАЛТЕРЛЕР БАҚ СЫНАДЫ

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде «Есеп және аудит» мамандығы бойынша «XXI ғасыр бухгалтері – менің мамандығым» атты IV қалалық байқау өтті. Оқу-әдістемелік бірлестігінің қолдауымен өткен байқауға қаламыздағы бірнеше колледждің студенттері қатысып, бухгалтерлік есеп пен цифрлық технологиялар саласындағы білімдері мен тәжірибелерін сынға салды.

Байқауға қатысушылар заманауи бухгалтерлік бағдарламаларды, соның ішінде «1С Есепті автоматтандыру» құзыреттілігі бойынша 1С: Бухгалтерия 8.3 ҚР бағдарламасын қолдану арқылы өз шеберліктерін дәлелдеді. Студенттер теориялық біліммен қатар, практикалық тапсырмаларды орындап, бухгалтерлік құжаттарды рәсімдеу, есеп жүргізу және қаржылық мәліметтерді өңдеу сияқты жұмыстарды атқарды.

Болашақ есепшілер арасындағы



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

байқау студенттердің кәсіби деңгейін арттырып, олардың цифрлық сауаттылығын дамыту мақсат еткен болатын. Қызу бәсекелі байқаудың өзіндік артықшылықтары да анық байқалды. Ең алдымен еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды анықтап, оларды даярлауға да ықпал етері сөзсіз. Сонымен қатар, бұл күні байқауға қатысушы сту-

денттер өз қабілеттерін көрсетіп қана қоймай, тәжірибе алмасуға және жаңа білім дағдыларын алуға да мүмкіндік алды.

Ұйымдастырушылар жастардың кәсіби дамуына серпін беретін мұндай іс-шара алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді. Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

КОУЧИНГ КӨЛЕНЦЕСІ:

«Тез байытам» дегендерге талап күшейді

Әлеуметтік желіні ашып қалсаң, тез баюды, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуды, жетістікке оңай жетуді, тиімді қаражатқа саяхаттап, үй-лесімді өмір сүруді үйретемін деп, халықтың сеніміне кіріп, сан соқтырып жатқан тәлімгер көп. Қазір бұны шет тілімен «коуч», тәлімгерлікті – «коучинг» деп жүрміз. Бес саусақтың бірдей болмайтыны секілді, барлық коучты сертификатталған маман деуге келмес.

Қуантарлығы, жалғанды жалпағынан басып, салықтан қашқан «ақылдыларға» арналған заң 14 ақпаннан бастап күшіне енді. Құжаттың басты мақсаты – саладағы кәсіби біліктілікті нақтылап, қызмет сапасына бірыңғай талап қалыптастыру.



Дана
САДЫРҚАН

Заңда тәлімгерлік, яғни коучинг «клиенттің ойлау қабілетін, саналылығын және әлеуетін дамытуға бағытталған кәсіби серіктестік» ретінде айқындалған. Коуч – ақыл айтушы не «оңтайлы шешім» ұсынушы емес, адамның ішкі ресурсын ашуға бағыт-бағдар беретін маман ретінде қарастырылады.

Сенім мен жауапкершілік мәселесі

Кейінгі жылдары жеке даму, мотивация, табысқа жету тақырыптары қоғамда ерекше сұранысқа ие болды. Әлеуметтік желілерде өзін коуч немесе психолог ретінде таныстыратын мамандар саны күрт артты. Тіпті, кейбір азаматтардың қомақты қаражат үшін несие алып, нәтижесіз курстарға қатысып, психологиялық қысымға ұшырап жатқан жағдайлар да баршылық.

Мәселен, «отбасылық кеңес беремін» деген желеумен «жұбайыңды қалай өзгертуге болады?», «баланы толық бақылауда ұстау тәсілдері», «ажырасу – өмірдің жаңа кезеңі» сияқты әсіре көзқарастарды дәріптейтін жалған «сарапшылардың» ықпалынан талай тату-тәтті өмір сүріп отырған отбасының шаңырағы ортасына түсті. Бұдан бөлек, «бірге кәсіп бастаймыз», «қаржылық тәуелсіздікке жеткіземіз», «ой-сананы өзгерту арқылы ғана бай боласың» деген ұрандарды алға тартқан алаяқ коучтар азаматтарды несие рәсімдеуге үгіттеп, қаржылық тәуекелге итермелеуде.

2025 жылы коуч қызметіне қатысты 900-ге жуық азамат шағым түсірген. Осы тұрғыдан алғанда, бірыңғай стандарт енгізу – уақыт талабы. Заң коучтардың кәсіби біліктілігін бағалау тетіктерін бекітіп, қызмет сапасына қойылатын талаптарды әзірлеуді көздейді. Салада ашықтық артып, кәсіби қауымдастықтардың рөлі күшеймек. Бұл өз кезегінде сапалы мамандардың беделін арттырып, бейтаныс адамдардың нарыққа кіруін шектейді. Енді мамандардың даярлығы, этикалық нормаларды сақтауы, клиент алдындағы жауапкершілігі маңызды факторға айналады.

Жеке дамуға сұраныс артқан заманда сапа мен жауапкершілік те қатар жүруі тиіс. Мотивацияға толы жылы сөз кей жағдайда шынайы өмірдің қалтарыс-бұлттарыстарын жоққа шығарып, «бәрі өзіңе байланысты» деген қарапайым формулаға әкеліп тірейді. Бұл тәсіл адамның жеке жауапкершілігін арттырғанымен, қоғамдағы мәселелерді елемеге итермелеуі мүмкін. Салдарынан сәтсіздікке ұшыраған



Коллажты жасаған Нұрболсын ӨРІСҮЛІ.

адам өзін кінәлап, психологиялық қысымға түседі. Тағы бір мәселе – медициналық немесе клиникалық білімі жоқ адамдардың психологиялық жарақаттармен жұмыс істеуге талпынуы. Бұл кәсіби этикаға ғана емес, тұтынушының денсаулығына да қауіп төндіреді.

Қос қырлы құбылыс

Коуч болу үшін нақты лицензия немесе бірыңғай талап болмаған кезеңде бұл салаға кез келген адам кіре алатын. Қысқа мерзімді онлайн курс аяқтап, өзін «халықаралық сертификаты бар коуч» деп таныстыратындар көбейді. Мұндай жағдайда сапа мен жауапкершілік мәселесі де өзекті. Жаңа заң осы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталғанымен, тек нормативтік құжатпен барлық мәселені шешу қиын. Салада кәсіби қауымдастықтардың белсенділігі, ашық рейтингтер, тәуелсіз сараптама институттары қажет.

Дегенмен, коучингті тұтас теріс құбылыс ретінде қарастырып, біржақты көзқарас таныту – әділетсіздік. Саладағы өз ісінің нағыз шебері ғана адамның мақсат қою, уақыт басқару, шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Мәселен, ірі компаниялар бұл бағытты көшбасшылық қабілетті дамыту, команда ішіндегі қарым-қатынасты жақсарту құралы ретінде пайдаланып жүр. Ал жеке тұлғаға коучпен жұмыс істеу өз-өзін тануына, ішкі ресурсын жүйелеуіне ықпал етеді.

Әлемдегі тәлімгерлік

International Coaching Federation (ICF) – коучинг саласындағы ең ықпалды халықаралық ұйымдардың бірі. Бұл ұйым коучтарды даярлау, сертификаттау және этикалық стандарттарды бекіту жүйесін қалыптастырған.

АҚШ-та коучинг бизнес, көшбасшылық, мансаптық даму саласында кең таралған. Ірі корпорациялар топ-менеджерлерге жеке коуч бекітеді. Мұнда коуч болу үшін міндетті мемлекеттік лицензия талап етілмегенімен, кәсіби сертификат пен

аккредиттелген білім бағдарламасы маңызды рөл атқарады. Нарық өзін-өзі реттеу қағидасына негізделген.

Еуропада коучинг мәдениеті корпоративтік секторда жоғары дамыған. Германия, Франция, Ұлыбритания секілді елдерде кәсіби қауымдастықтар мен тәуелсіз аккредитация институттары белсенді жұмыс істейді. Ал кейбір мемлекеттерде психотерапия мен коучингтің аражігі заң жүзінде нақты ажыратылған. Яғни коуч психологиялық диагноз қоя алмайды және клиникалық мәселелермен айналысуға құқығы жоқ. Бұл – клиент қауіпсіздігін қорғаудың маңызды тетігі.

Ресейде де коучинг соңғы онжылдықта қарқынды дамыды. Алайда, Қазақстандағыдай, бұл елде де әлеуметтік желідегі «инфо-коучтар» феномені кең таралды.

Қаржы пирамидалары мен жалған тренингтерге қатысты даулы істер көбейгендіктен, бақылау күшейді.

Қазақстанда коучинг нарығы негізінен жеке бастама мен әлеуметтік желілер арқылы қарқын алғаны белгілі. Кәсіби қауымдастықтар бар, бірақ қысқа мерзімді курс бітірген адамдар өзін «халықаралық деңгейдегі коуч» ретінде таныстырып жүр.

Қорыта айтқанда, қоғамда сыни ойлау мәдениеті де қатар дамуы керек. Әрбір азамат кез келген қызметті таңдар алдында маманның біліміне, тәжірибесіне, кәсіби мәртебесіне назар аударуы тиіс. Коучинг саласы үшін де бұл кезең – сапаны арттырып, сенімді қалпына келтіру мүмкіндігі. Шынайы кәсіби мамандар үшін жаңа талаптар беделді нығайтса, кездейсоқ адамдар үшін нарық тарыла түспек.

✓ СИЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**Ләззат РАҚЫШЕВА,
құқық қорғаушы, заңгер:**

Құқықтық тосқауыл керек

Қазір қоғамда сенімге кіріп, сан соқтыратын коуч көбейіп кетті. Кейбірі өздерін психолог, кейбірі қаржылық немесе өмірлік коуч деп көрсетіп, клиенттің психологиялық және қаржылық жағдайын пайдалануда. Мысалы, тәжірибеде адамдарға «сен дұрыс ойламайсың, менің әдістерім сізге көмектеседі» деп қысым жасап, миллиондаған теңгені алып кететін жағдайлар кездеседі. Тіпті, психологиялық дағдарысқа ұшыраған адамдарға кәсіби білімсіз-ақ кеңес беріп, жағдайын ушықтырады. Бұл – ашық манипуляция және алдау, бұрын заң тұрғысынан ешқандай шектеу жоқ еді.

Жаңа заң – кәсіби жауапкершілік пен сапа кепілі. Коучинг «клиенттің ойлау қабілетін, саналылығын және әлеуетін дамытуға бағытталған кәсіби серіктестік» деп нақты анықталды. Енді кез келген «коуч» өз кәсібін заңға сай жүргізуге мәжбүр болады, әйтпесе жауапкершілікке тартылады. Ешқандай білімі жоқ, тек сенімге сүйеніп ақша алып, психологиямен ойнағандар енді қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершіліктен қаша алмайды. Көбі психолог пен коучтың атқаратын қызметін ажырата алмай жатады. Психолог деген арнайы жоғары білім алған маман, ал коуч – заңнамада жеке лицензияланатын міндетті мамандық емес, көп жағдайда сертификаттық курс.





Ж.ЖАБАЕВ – 180

«ЖЫР МЕН КҮЙДІҢ МӘҢГІЛІК ҮНІ»



Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен Нұрғиса Тілендиевтің мемориалдық музейінде жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған «Жыр мен күйдің мәңгілік үні» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Рая ЕСКЕНДІР

Іс-шараның Нұрғиса Тілендиевтің мемориалды музейінде өтуі де кездейсоқтық емес. Бүгінде кезінде жыршы Жамбыл «Менің ием, қызыл жолбарысым Тілендінің баласы Нұрғисаға кетті. Түсімде соның алақанын жалап тұр екен. Ендігі иесі бәлкім сол болар», – деп топшылауы дәл келгендей. Саңлақ өнер иесі Нұрғиса Тілендиевтің өзі де өле-өлгенше жыршыны «Жамбыл-жәкем» деп сыйынып, өмірінің соңғы кезінде «Мені Жәкемнің қасына жерлендер» деп аманаттауы да сірә, тегін болмаса керек. Осылайша қайталанбас екі тұлғаның бірі – Жамбыл Жабаевтың суырыпсалма ақындық дәстүрі қазақ руханиятының алтын арқауына айналса, Нұрғиса Тілендиев ұлттық музыканы жаңғыртып, дәстүр мен заманауилықты үйлестірген көрнекті композитор болды. Ж.Жабаевтың жыршы мен Н.Тілендиевтің сазы – қазақ мәдениетіндегі поэзия мен музыканың рухани сабақтастығын танытты. Осылайша екі алыптың есімі қатар аталды. Әдеби-сазды кешке Халық қаһарманы Сәт Тоқпақбаев, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Сәуле Досжанова, ғалым Мамай Ахет арнайы келіп қатысты. Әнші Ерболат Құдайбергенов Жамбылдың әндерін шырқады. Кеш барысында Сәт Тоқпақбаев жыр алыбы туралы тың деректерді тілге тиек етсе, жазушы Сәуле Досжанова былтыр өзіне сонау 1924 жылы қазақ өнерінің онкүндігі кезінде Жамбыл бабамыз тоқтаған Мәскеудегі қонақүйдің белмесіне орналастыру мүшкінігі туғанын мақтанышымен еске алды.

Кеш аясында «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблі Н.Тілендиевтің шығармаларын орындаса, опера әншісі Нұрсұлтан Сабыров әндерін шырқады. Сонымен қатар, Алматы облысынан арнайы келген Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейі көшпелі көрме өткізді. Қонақтар мұражай қорында сақталған ақынның күнделікті пайдаланған жеке заттары, қолжазбалары мен фотосуреттерін тамашалады.

– Шаһарымызда Алматы қаласы Музейлер бірлестігіне қарасты 27 музей бар. Наурыз айынан бастап Алматы мұражайы мен Ықылас атындағы халық аспаптар мұражайы түнгі 24.00-ге дейін жұмыс істей бастады. Мұндай үрдіс тіпті шетелде де жоқ. Біз қала тұрғындарына жайлы әрі олардың демалуларына қолайлы болса деп осындай қардамға барып отырмыз. Сонымен қатар, біздің бірлестікке қарасты мұражайлар 2024 жылдан бері оқушыларға тегін қызмет көрсетіп келеді. Ондағы мақсатымыз – жас ұрпақ ұлттық құндылығымызды, төл руханиятымызды танып өссе екен дейміз. Осы соңғы үш жылдың ішінде 13 халықаралық көрме өткізсек, оның 9-ы шетелде өтті. Дәл қазір қаламызда кызу жұмыстар жүріп жатыр. Шаһар басшылығының тікелей қолдау көрсетуімен Райымбек батыр мұражайының құрылысы жүріп атаса, алдағы уақытта Обсерватория мұражайы жаңадан ашылады. Былтыр Нұрғиса Тілендиевтің мұражайы жаңартылған еді. Аталмыш мұражайдың аумағы 160 шаршы метр, аздау болғанымен, маңызды іс-шаралары өткізіліп тұрамыз, – деді Алматы қаласы музейлер бірлестігінің басшысы Ләззат Сағындықова.

Фарида Мерхамитқызы тәуелсіздіктің елең-алаң шағында, ел еңсесін тіктеп, азаттықтың ақ таңы енді ғана арайлап келе жатқан тұста Атамекенге табан тіреді. Жиырмадан жаңа асқан, жүрегі жалын атқан, арманы асқақ жас қыздың көкірегінде бір-ақ тілек бар еді: «Жас мемлекетімнің іргесі бекіп, керегесі кеңеюіне мен де титтей болса да үлес қоссам» деген адал ниет. Кешегі баба жұртына осындай сеніммен оралған сол қыз бүгінде ұлттық сән мен дизайн өндірісінің көшін бастаған қайраткер тұлғаға – ел мақтанышына айналды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Мәдениет ісінің үздігі», «Құрмет» орденінің иегері атанды.

Өнер мен өрнектелген өмір



Туған жерден – Атамекенге

Фарида Мерхамитқызы Тарбағатайдың күнгей бетіндегі көне Жібек жолының бойында жатқан шекара шаһары – Қытайдың Шыңжаң өлкесіне қарасты Тарбағатай аймағының орталығы Шәуешек қаласында зиялы отбасында дүниеге келді. Тарбағатай аймақтық №2 орта мектебінде белгілі ұстаз, ақын Қыдырхан Мұқатайлы бастаған әйгілі ұстаздардың тәлімін алып, онжылдықты үздік тәмамдады.

1983 жылы бүкілқытайлық біртұтас елге ханнан үздік нәтиже көрсетіп, Шыңжаң педагогикалық университетінің География факультетіне оқуға түседі. Студенттік жылдары мамандық игерумен қатар шығармашылық топтарға белсене араласып, өзін жан-жақты шыңдайды. 1988 жылы университетті қызыл дипломмен бітіреді. Сол жылы маусым айында Шыңжаң ғылым-техникалық баспасына редактор-аудармашы болып қызметке орналасады. Баспада жүріп көрнекті баспагер, аудармашы Хәкім Әкімжанұлы секілді аға буын мамандардан тағылым алады. Аз жылда ұжымның тірегіне айналып, бірнеше кітаптың аудармашысы, редакторы атанады.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алған сәт шетелдегі қазақтың жүрегің дүр сілкіндірді. Сол толқынның ішінде Шыңжаңдағы қазақ жас интеллигенциясының өкілдері – жас ғалым, IT маманы Талғат Мамырұлы мен баспагер-аудармашы Фарида Мерхамитқызы да бар еді. 1992 жылы кектемде Қазақстан Достық қоғамының төрайымы, мемлекет және қоғам қайраткері Жібек Әмірханова Шыңжаңға сапарлап барып, Үрімжідегі қазақ жастарымен кездеседі. Әрі елге шақырып, тәуелсіз мемлекеттің өркендеуіне үлес қосуға үндейді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың шетелдегі қандастарды атамекенге оралуға шақырған үндеуін жеткізеді. Бұл кездесу талай жастың тағдырын айқындаған бұлбұрыс болды. 1992 жылдың күзінде жас жұбайлар Атамекенге көшіп келеді.

Шежірелі шаңырақ

Фариданың атақоныстары – Мақаншы топырағы (қазіргі Абай облысы). Аргы аталары 1870 жылдары патшалық Ресейдің қысымынан Шәуешекке ауа көшіп, сол жақта тұрақтап қалған екен.

Әулет шежіресін тереңнен тартсақ, Фариданың әулеті – өнер мен білімді қатар ұстаған шаңырақ. Аргы атасы Құрманбайдан Байкенже, Мұхамеджан, Ахметжан атты үш ұл тарайды. Құрманбай көзіқарақты, ескіше сауатты кісі болған. Әулет ішінен сауда керуенін басқарған іскерлер де, әйгілі математик ағартушы, алғашқы баспагерлердің бірі болған руханият жанашырлары да шыққан. Үлкен ұлы Байкенже мәнжуше Шәуешектегі жергілікті ұлық мекемесі іс жүргізушісі, шабарман қызметін атқарған. 1916 жылы Пекинде сол тұстағы Қытай билеушісі Юань Шықайдың таққа отыру салтанатына қазақтардың өкілі ретінде осы Байкенже мен Алтайдан Зәкәрия төре қатысқан.

Екінші ұлы Мұхамеджан болса, Шәуешек пен Семей арасында мал саудасын жүргізетін керуенді басқарады. Мұхамеджанның екінші ұлы Абдолла Құрбанов Шәуешек гимназиясында математикадан сабақ берген әйгілі педагогтердің бірі еді. Ал үшінші ұлы Тұрсынғали Құрбанов – Шыңжаңдағы алғашқы баспагерлердің және 1950 жылдары Шыңжаң жастар баспасының алғашқы редакторларының бірі болды. Мұхамеджанның үлкен ұлы Қабыл – сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз, сері болған деседі. Осы Қабылдан 1939 жылы Мерхамит дүниеге келеді.

Әкенің көшкен кешуі

1920 жылдары кеңестік қуғын-сүргіннен ығысқан бірқатар Алаш зиялылары іргедегі Шәуешек қаласына тұрақтап, ондағы қазақтың зиялыл, ауқатты қауымымен тығыз бірлесіп, жаңаша мектеп, өнер-мәдениет ошақтарын ашып, ағартушылық жұмыстар атқарады. Бұл үрдіс Шәуешек қаласының Шыңжаңдағы ең алғабасар қала ретінде танылуына ықпал етті. Оның үстіне қалада қазақтан тыс орыс, өзбек, манжур, сібе-солаң, ұйғыр және татар халықтары аралас қоныстанған. Әрі татар мәдениетінің де өзіндік ықпалы жоғары еді.

Құрбановтар әулеті сол татар әулеттерімен тығыз араласқандықтан, бұл орта Мерхамиттің тұлғалық болмысының қалыптасуына зор әсер етті. Татар өнерпаздары музыкаға құштарлығын арттырып, баян аспабын аса үлкен ынтымен үйренді. Оның үстіне әкесі де мандолина тартып, скрипкада ойнаған үлкен музыкант болатын.

Алайда, тағдыр оны ерте сынады, он жасында әкеден айырылған Мерхамит өмірдің ащы-тущысын ерте татты. Соған қарамастан Мерхамит өнерді жанындай сүйіп өсті. Шәуешек гимназиясында оқып жүргенде-ақ аймаққа өнерпаз ретінде аты кеңінен танылды. 1945–1953 жылдары Абдолла Құрбанов Шәуешек гимназиясында ұстаздық етсе, оның шәкірттері болып Мерхамит, көрнекті әдебиетші, рухын Тұрсынғали мен Қабдолла және Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов бәрі бір сыныпта оқыды.

1956 жылы гимназияны үздік бітірген Мерхамит Бейжің педагогикалық университетінің Физика факультетіне оқуға қабылданады. Бұл кезде қазақ баласының Пекинге оқуға түсуі сирек құбылыс еді. Студенттік жылдары өнерімен де, мінезімен де құрметке ие болды. Тіпті оны Бейжің консерваториясына шақырған ұсыныстар да болды. Бірақ физика мамандығын жалғастырып, 1961 жылы оқуын тәмамдады.

Кейін Шыңжаң институтының жанындағы тәжірибе орта мектебінде ұстаздық етеді. Одан соң Тарбағатай аймақтық үкімет аппаратына аудармашы болып ауысады. Саяси науқандар кезінде қудалауға түсіп, елдегі жағдай оңалғанда мәдениет саласына қайта оралады. 1978–1993 жылдары Тарбағатай аймағының мәдениет саласына басшылық қызметке келіп, өңірдің мәдениетін көтеруге зор үлес қосады. «Қазақтың 100 күйі», «Қазақтың 100 күйі» антологияларын құрастырады. Ел ішіндегі өнерпаз жастарды баулып, Іле көркемөнер мектебіне, Шыңжаң көркемөнер институтына, Бейжің мен Шанхай консерваторияларында оқуына жол ашты. Солардың қатарында Гүлнар Абдуллақызы, Ахан Бақшайұлы, Даму Долдаулы, Еркін Ерген, Жанат Тоқтасын, Құрманбек Әлімғазы, өзге де көптеген елге белгілі өнер иелері бар еді. Сонымен бірге, Шәуешекте Мәдениет басқармасының жанынан «Дубек» ансамблін құрып, аймақ мәдениетінің ұйытқысына айналдырды. Ал Фариданың анасы Батима Бекетайқызы да жоғары білім алған, елге сыйлы, зиялы ана.

Фарида отбасының тұңғышы болған соң қазасы дәстүрі бойынша әкесі оны қырқынан шығар-шықпастан бауырына басады. Осылайша ол әжесі Тұрсынбүбі Некебайқызының тәрбиесінде өседі. Марқұм әжесі де сөзге шешен, он саусағынан өнер тамған шебер кісі еді. Біздің кейіпкеріміз міне осындай отбасында 1966 жылдың 22 қапанында дүниеге келеді. Әне, сондай өнегелі, өнерлі, талапшыл отбасында өскен Фарида бала күнінен талғам мен тәртіпті қатар бойына сіңірді. Әкесінің қатаң талабы, суретшілік, эстетикалық талғамы оның кейінгі жолына ықпал етті.



Өрнектің өрісінде Алматыға алғаш келген жылдары біраз уақыт шетелдіктерге қазақ тілінен сабақ бере жүріп, өзі жобалап, өзі тіккен алғашқы авторлық костюмдерін сауда орындарына өткізеді. Бірте-бірте сұраныс көбейіп, 1997 жылы бизнес-жобасын жасап, Алматы қалалық жұмыспен қамту орталығына ұсынады. Жоба мақұлданып, сол тұстағы дағдарыс салдарынан тығырыққа тіреліп жабылып қалған зауыт-фабрикалардың жұмыссыз қалған білікті мамандары жұмысқа тартады. Осылайша шағын шеберханада басталған шағын кәсіп бюджет қоржынына қоммақты салық қытып, жүздеген адам еңбек ететін «Ерке-Нұр» фабрикасына айналды. Сол тұстағы еліміздегі ең қиын әлеуметтік мәселе халықты жұмыспен қамтуда елеулі үлес қосты. Фабрика қазақтың ұлттық киім негізінде заманауи стиль қалыптастырды. Еліміздегі көптеген театр ұжымдарын, өнер адамдарын жаңа стильдегі ұлттық киіммен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, «Ерке-Нұр» сән театры және сән журналын ашып, қазақтың ұлттық киім мен төл мәдениетімізді насихаттауға аса көп еңбек сіңірді.

«Ерке-Нұр» сән театры 2000 жылдардың бас шенінде Голландия, Бельгия, Франция, АҚШ, Түркия, Қытай, Жапонияда қатарлы елдердің үлкен сахнасында қазақтың нақыштағы ұлттық киімдердің коллекцияларын көрсетілуге шығарып, қазақ киімі өнерін тұңғыш рет әлемдік деңгейде насихаттады. Қазақтың өсем киім мәдениетін әлемге паш етіп, шетелдік қауымды тамсандырды.

Ел игілігі жолында

Фарида Мерхамитқызының шығармашылық өнері, табанды да қажырлы еңбегі оны жалпақ жұртқа танымал тұлғаға айналдырды. Бірнеше мәрте Президенттің қабылдауында болып, биік мінберлерде кәсіпкерлікті, отандық өндірісті дамытуға, қазақ халқының, қандастардың тағдырына қатысты түйткілдерді шешуге қатысты ұсыныстарын жеткізді. Ол және «Аманат» партиясының орталық саяси кеңесінің мүшесі, Алматы қаласы саяси кеңесінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының басқарма мүшесі, сондай-ақ, 2021–2024 жылдары Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Алматы қаласы әкімі жанындағы Әйелдер мен балалар ісі жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде респубиканың және Алматы қаласының әлеуметтік, мәдени-рухани дамуына айтарлықтай үлесін қосты.

Қазіргі заман қазақ әйелдерінің үлгісі ретінде Фарида Мерхамитқызының атқарған қоғамдық қызметі ұшан-теңіз. Солардың қатарында «Шарапат» қайырымдылық қорын құрып, көптеген қайырымдылық шарасына бастамашы болғанын, 2011 жылы Үкіметке Қазақ көші-қонына байланысты ұлттық авторлық жобаны даярлап, шетелдегі қазақ көші-қоны мен ішкі көші-қонның жаңа концепциясын ұсынғанын да айтуға болады. Сондай-ақ, ҚР Президентінің жанындағы адам құқығы жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде отбасы институтына, ана мен бала құқығына байланысты өзекті мәселелердің шешім табуына мұрындық болды.

Ал 2012 жылы сол кездегі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдіхалықованың ұсынысымен Семей қаласының іргесіндегі Қурчатов қаласына Қытайдан жүз отбасын көшіріп әкеліп, қоныстандырды. Фарида Мерхамитқызы осындай әрекеттерінің нәтижесінде бірнеше мәрте Президенттің Құрмет грамотасымен марапатталды. Оның ел игілігі жолындағы шынайы еңбегі мемлекет жағынан да бағаланып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Мәдениет саласының үздігі» сынды құрметті атақтары табысталды. 2025 жылы «Құрмет» орденінің иегері атанды.

Халқымыздың «Өнерлі – өрге жүзеді» деген дана сөзі бар. Өнерін өмір бойы серік етіп, еңбегімен елге өрнек салған Фарида Мерхамитқызының Шәуешек жерінен басталған ғұмыр жолы Қазақстанның мақтанышына ұласқан өнегелі дара жолына айналды. Биыл мерейлі мерейтой белесіне жеткен Фарида Мерхамитқызына мықты денсаулық, қажымас қайрат, толлассыз шабыт тілейміз!

Сержан СӨРСЕНБАЙҰЛЫ.

Д.НҮРПЕЙІСОВА – 165

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі сахнасында күй мен өн өнерін дәріптеген ерекше концерт өтті. Мерекелік кеш қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы мен әйгілі күйші Дина Нұрпейісованың 165 жылдығына арналды.

Жамбылдың жыры, Динаның күйі



Дана САДЫРҚАН

Концерттік бағдарламада ұлттық оркестрдің сүйемелдеуімен Жамбылдың жырлары мен әндері, сондай-ақ Дина Нұрпейісованың күйшілік мұрасынан күйлер орындалды. Кештің басты кейіпкері қазақ музыка тарихындағы тұңғыш кәсіби оркестр саналатын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі болды.

Сахна төрінде Қазақстанның халық әртісі, дәстүрлі өнші Рамазан Стамғазы, белгілі күйші Айгүл Үлкенбаева, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, оркестр әртісі Сағдат Ақжолова, сондай-ақ халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары, оркестр әртістері Мөлдір Қойысова мен Шаттық Уатхан өнер көрсетті. Олар ұлттық оркестрмен бірге халыққа әсерлі музыкалық бағдарлама ұсынды.

Ұжымның көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Мықтыбаев. Ал бас дирижері – «Құрмет» орденінің иегері Абылай Тілепберген. Сонымен қатар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жексен Айсын мен Нарын Кажғали дирижерлік шеберліктерін паш етті.

Оркестр директоры Медет Қуанышевтің айтуынша, ұжым биылғы концерттік маусымды әйгілі композитор Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына арналған концертпен бастаған. – Биылғы алғашқы концерттімізді Ахмет Жұбановтың мерейтойына арнадық. Ал бүгінгі кеште Дина мен Жамбылдың өнерін қатар дәріптеуді жөн көрдік. «Жамбылдың жыры, Динаның күйі» атты бұл кеш арқылы көрерменге ерекше бағдарлама ұсынғанымыз келді. Әр концерттімізге үлкен дайындықпен шығамыз. Алдағы уақытта саундтрек концерттері, мюзиклдер, сондай-ақ Жамбылдың 180 жылдығына байланысты театрлармен бірлескен үлкен жобалар жоспарланып отыр, – деді ол.

Ал өнші, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртісі Шаттық Уатхан концертте Жамбылдың кеңінен танымал лирикалық туындысы «Үгәй-ай» әнін орындағанын айтты.

– Бүгінгі концертте өнер көрсету – мен үшін зор қуаныш. Жамбылдың лирикалық шығармашылығында халыққа кеңінен танылған «Үгәй-ай» әнін орындадық. Оркестрмен бірге арнайы дайындалдық. Жалпы, Жамбыл шығармашылығын зерттегенде оның лирикалық мұрасына көбірек көңіл бөлу керек деп ойлаймын. Ақынның ғашықтық кезінде Бұрым есімді сұлға арнап шығарған әні бар деген деректер де кездеседі, – деді өнші.

Мерекелік кеш аясында ҚР Орталық мемлекеттік кино-фотожурттар мен дыбыс жазбалар архивімен бірлесіп ұйымдастырылған көрме де көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеде Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығына қатысты сирек фотосуреттер, тарихи құжаттар мен архивтік деректер қойылды. Бұл экспозиция ұлы тұлғалардың рухани мұрасын танытып, олардың өнердегі орны мен өмір жолын кеңінен насихаттауға бағытталды.



ҰЛТТЫҚ КИІМ НАРЫҒЫ

Сұраныс артты, баға да өсті

«Адам көркі – шүберек» деген тәмсіл қазақ үшін бекер айтылмаған. Қазіргі қоғамда адамды ең алдымен киіміне қарап бағалап, кейін ақылына назар аударатыны жасырын емес. Сондықтан сәнді әрі жарасымды киінуге ұмтылу бұл – табиғи құбылыс. Осыған орай, соңғы жылдары қазақы нақыштағы киімдердің заманауи үлгіде түрлісі шығып жатыр. Ал ондай үлгідегі киімдерге деген қызығушылық күннен-күнге айрықша артып отыр. Қазақы болмысты заманауи үрдістермен үйлестірген жаңа үлгідегі киімдер бүгінде жас пен жасы үлкенді тең қызықтырып, көпшіліктің ықыласына ие болуда.

**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**



Алайда, дәл осы көріністің екінші қыры туындап отыр. Ұлттық киімнің сәнге айналуы онымен бірге олардың бағасының да аспандауына жол ашты. Бұрын той-томалақта, ұлттық мерекеде ғана киілетін шапан мен камзол бүгінде «ерекше образ», күнделікті сәнді киімге де айналып, бағасы халықтың қалтасына ауыр тиіп отырғаны рас. Иә, арзан бағада табуға болады, бірақ көңіл толантайндай сапада, дизайнында емес. Осы тұста «ұлттық киім – баршаға ортақ мәдени құндылық па, әлде таңдаулы топқа ғана арналған сән индустриясының өнімі ме?» деген сұрақ туындайды.

Қазіргі заманға сай, әлеуметтік желілердің ықпалы бұл процесті жылдамдатты. Желіде ұлттық стильдегі образдар сәнге айналып, этно-киім «ерекше талғамның» белгісі ретінде көрсетіле бастады. Белгілі тұлғалардың, өнер адамдарының, тіпті қарапайым адамдардың ұлттық нақыштағы киім киюі оны жаппай трендке айналдырды. Бүгінде мектеп қабырғаларында да оқушылардың қазақы камзол киюі трендке айналды десек болады. Сонымен қатар, кейде мен белдемшелерге ұлттық ою-өрнек тігіп кию сәнде.

Кеше ғана қарапайым шапан болса, бүгін ол «авторлық жұмыс», «лимиттелген топтама», «қолмен тігілген эксклюзив» деген сипат алып, бағасы бірнеше есе қымбаттады. Қазіргі таңда ұлттық киім нарығында екі түрлі бағыт анық байқалады. Бірі – дәстүрлі қолөнерге сүйенген, сапалы, күрделі, көп еңбекті қажет ететін бұйымдар. Мұндай киімдердің бағасының жоғары болуы белгілі бір деңгейде түсінікті. Себебі, табиғи маталар, қолмен тігілген кесте, ою-өр-

нек – уақыт пен еңбекті талап етеді. Екіншісі – ұлттық элементтерді заманауи сәнге бейімдеген жаппай өндіріс. Алайда, өкінішке қарай, осы екінші бағытта да бағаның кейде негізсіз көтерілетіні байқалады. Ұлттық нақыш қосылды екен деп, қарапайым киімнің бағасы бірнеше есе өсіп кетуі қоғамда наразылық тудыратыны заңды.

Сонымен қатар, ұлттық киімге деген қызығушылықтың артуы тігіншілер мен дизайнерлерге де үлкен жауапкершілік жүктейді. Ұлттық нақышты коммерцияға айналдыру оңай, ал оның мазмұнын, мағынасын сақтау әлдеқайда қиын. Ою-өрнектің әрқайсысының тарихы, мәні бар. Бірақ кейде сән қуамыз деп, сол мағынаны ескермей, оюды жәй декоративті элемент ретінде қолдану жиілеп барады. Бұл да ұлттық киімнің рухани құнын төмендетуі мүмкін. Дегенмен, бұл үрдісті тек теріс жағынан қарауға болмайды. Ұлттық киім индустриясының дамуы – жаңа жұмыс орындары, қолөнердің жандануына, жас дизайнерлердің қалыптасуына жол ашып отыр. Бұл – экономикалық тұрғыдан да, мәдени тұрғыдан да маңызды. Ең бастысы – осы дамудың бағыты дұрыс болуы керек. Ұлттық киім сәннің құрбанына емес, мәдениеттің тірегіне айналуы тиіс.

Қорыта айтқанда, ұлттық киім – жәй ғана мата емес, ол – тарих, болмыс, ұрпаққа аманат. Оның сәнге айналуы заңды, бірақ сән оның мәнін жұтып қоймауы керек. Баға мен бедел емес, мағына мен қолжетімділік алдыңғы орында тұрған кезде ғана қазақы стиль шынымен халықтық сипат алады. Әйтпесе, ұлттық киім қалтаға салмақ салатын, ал рухқа жеңіл тиетін сыртқы форма болып қалуы мүмкін. Ал бізге керегі – қалтаға емес, санаға жақын ұлттық стиль.



Сурет: ЖИ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Аңсаған МҰСТАФА,
Корея мен Иран елдерінің Суретшілер одағының мүшесі:**


Плагиат мәселесі әлі де өзекті

Мен ұлттық нақыштағы футболкаларды шығарып жүргеніме 11 жыл болды. Бастапқы кезде бұл салада бәсеке аз еді, тіпті бас ниша деуге болатын. Қазір ұлттық стильге сұраныс артты, соған сай бұл бағытта жұмыс істейтін брендтер де көбейді. Өкінішке қарай, плагиат мәселесі әлі де өзекті. Авторлық дизайнды көшіру – еңбекті бағаламау деп санаймын.

Ұлттық киімнің неге қымбат екенін түсіну үшін оның жасалу процесіне үңілу керек. Ең алдымен – сапалы мата. Мен футболкаларға матаны шетелден алдырамын, соның өзінде шикізат бағасы жыл сайын өсіп келеді. Мата қымбаттаған соң, дайын өнімнің бағасы да жоғарылайды.

Екіншіден – қол еңбегі. Мысалы, кестеленген камзол мен шапан – бірнеше айлық еңбектің нәтижесі. Кейбір бұйымдар 2-3 айда дайындалады. Шебер өз еңбегінің ақысын алуы керек, ол – оның негізгі табысы. Бұған қоса, дизайнерлер мен тігіншілердің жалақысы, жалға алынған орынның ақысы бар. Әдемі, сапалы өнім ұсынатын брендтер көбіне жақсы сауда орталықтарында, қолайлы аудандарда орналасуға тырысады. Ал ондай орындардың арендасы өте жоғары. Әрине, қазір жаңа бренд ашып, атау қойып, қаптама жасап, жеке этикетка шығару көбейіп кеткен. Оларға ештеңе дей алмайсың. Әр брендтің өз тұтынушысы бар, олардың да өз сатып алушылары бар. Сондықтан «Қазақы стиль қалтаға салмақ па?» деген сұраққа біржақты жауап беру қиын. Иә, бағасы арзан емес. Бірақ оның ішінде сапалы мата, айлап жасалған қол еңбегі, дизайнерлік идея және бренд шығыны бар екенін ескерсек, ұлттық киімнің құны – тек баға емес, мәдени құндылықтың да өлшемі. Ал сапасы төмен, бірақ бағасы қымбат ұлттық киімдер туралы ештеңе айта алмаймын.

«АРМАНДАРЫҢА АДАСПАЙ ЖЕТІҢДЕР!»



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Әуезов ауданындағы №202 мектеп-гимназияның оқушылары қазақ өнерінің мақтанышы, танымал актер, Қазақстанның Халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұловпен кездесті. Бұл күні сахна саңлағымен кездесуге ата-аналар да келді.

**Рая
ЕСКЕНДІР**



Айтулы өнер иесі мектеп ішін аралап, білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысты. Әсіресе, қабырғадағы қанатты

сөздерді оқып, бұл да тәрбиенің бір құралы екеніне тоқталды.

Мәжіліс залында шәкірттер өнер иесін қазақы дәстүрмен, ауылдың «алтыауызын» айтып қарсы алды. Бірнеше ән орындаған кішкентай өнерпаздардың өнеріне риза болған актер көрер-

мен ретінде қол соғып, қошемет білдірді.

Келесі кезекте оқушылар «Арман жолында» атты қойылымды сахналады. Бұл қойылымда болашақта актер болуды армандаған баланың отбасындағы оқиға баяндалады. Қысқасы, мұнда өнер жолын таңдаған баласына қарсылық танытқан әке, өз таңдауын жасаған баланың табысты жолы көрсетілді. Сахнаға алғаш шықса да, өздерін еркін сезінген «әртістерге» Тұңғышбай Қадірұлы ерекше ризашылық білдірді.

– Өнер жолына ұмтылған әлгі баланың қадамына қуанып отырмын. Қойылым арқылы шынайы өмірді безбеңдеуге күш салған ұстаздардың еңбегіне де разымын, алғысым шексіз. Жалпы, сырттай қарағанда өнер адамы болу оңай көрінуі мүмкін. Өнерге келу – батылдық дер едім. Бұл жол – қиын да, қиыры мол жол. Оны таңдау бар да, алып жүру бар. Сондықтан мен оқуға келген жастарға үнемі «Адаспай, ақылмен жүріңдер, қиындыққа шыдамай, кері бұрылып кетпеңдер» деп айтып отырамын. Өйткені, өмірдегі ең қымбат нәрсе – уақыт. Оны қайтара алмайсыңдар, – деді Тұңғышбай Жаманқұлов. Кездесу барысында ол өзінің өмір

жолы, актерлік өнерге келуі және сахнадағы қызықты сәттері туралы кеңінен әңгімеледі. Ол өнер жолында ең алдымен еңбекқорлық, табандылық, төзім мен білімнің маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, жас ұрпақты кітап оқуға, білімге ұмтылуға және қол созған арманға тек адал еңбек арқылы жетуге шақырды.

– Кезінде мен су саласының маманы болғым келген, бірақ атақты Асқар Тоқпанов ағамызбен кездесіп, өмірім өзгерді. Тағдырым осы жолға таңылды. Содан бері осы бағыттан айныған емеспін, дегенмен көрген қиындығым да аз емес. Сондай сын сағатта мені ұстаздарымның қолдауы алға жетеледі. Өмірде адамның талай ұстазы болады, соның қатарында 1-сыныптағы Нұрпатша деген апайымды әлі күнге дейін ұмытпай, еске алып жүремін. Айтар ақылым – ұстаздарыңды тыңдаңдар, көп оқыңдар. Жалқау болмаңдар, – деп кеңес берді Халық әртісі.

Мектеп басшысы Болат Жанайхан құрметті қонаққа ризашылығын білдірді. Әрі танымал өнер иесінің тәжірибесі де жастарға зор әсер етіп, олардың болашаққа деген сенімін нығайтарына сенім білдірді.



БРИФИНГ

ҚЫЗЫЛША

екпе алмаған балаларды иектейді

Жыл басталғалы бері қалада қызылша жұқтырған 591 адам тіркелген. Олардың басым бөлігі – вакцина алмаған балалар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтылды.

Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлының айтуынша, бұл ауру былтырғы қарашада бас көтерген. Сол кезде қызылшамен ауырған 30 адам тіркеліпті. Желтоқсанда олардың саны 142-ге дейін өсіп, қазір барған сайын көбейіп барады. Ең көп науқас Алау, Наурызбай, Бостандық аудандарында тіркелген.

«Қызылшамен көбіне екпе алмағандар ауырып жатыр. 591 адамның 527-сінде вакцина болмаған, оның жартысынан астамы – ата-анасы бас тартқандар. Бұл инфекцияның таралуы мен эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне тікелей әсер етеді», – деп атап өтті Қ.Алпысбайұлы.

Жас құрылымы бойынша сырқаттанғандардың 94%-ы 14 жасқа дейінгі балалар.

«Аурудың барлық ошағында жедел түрде эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізілді. Байланыста болған алты мыңнан астам адам медициналық бақылауға алынды, 700-ден астам адам эпидкөрсеткіш бойынша вакциналанды. Мектептер мен балабақшаларда таңертеңгі сүзгі күшейтіліп, жаппай іс-шаралар шектеліп, екпе алмаған балалар уақытша оқшауландырылды», – дейді қаланың бас санитариялық дәрігері.

Биылғы 3 наурыздағы жағдайы бойынша, қалалық Балалар клиникалық инфекциялық ауруханасының негізгі корпусы мен екі бөлімшесінде «қызылша» диагнозымен 70 бала стационарлық ем алып жатыр. Бұл туралы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының міндетін уақытша атқарушы Ләйла Иманғалиева айтты.

Инфекцияның одан әрі таралуын болдырмау мақсатында былтырғы желтоқсаннан бастап қалада 6–11 айлық балаларды қосымша иммундау науқаны басталған болатын. Науқан басталғалы бері 2091 бала қызылшаға қарсы егілген.

МАМАН МІНБЕРІ

АЛЛЕРГИЯДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Көгілдір көктемнің көркі – жасыл әлем. Бұл кезде гүл де бүршік жара бастайды. Бірақ бір өкініштісі – көк шөппен бірге аллергия да бас көтереді. Мамандардың зерттеуінше, тұрғындардың 20–40%-ы маусымдық аллергиядан зардап шегуі мүмкін.

Аллергияның белгісін қалай тануға болады? Өзін-өзі емдеу қауіпті ме? Маусымдық аллергияда қандай көмек ең тиімді саналады? Бұл сауалдарға Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте жоғары санатты аллерголог-иммунолог, медицина ғылымының докторы, ҚазҰМУ-дың Жалпы иммунология кафедрасының профессоры Тайыр Нұрпейісов жауап берді.

Алматы – елдегі ең аллергенді қалалардың бірі. Бұл табиғи жағдаймен қатар, ауада тозаңы көп тарайтын өсімдіктердің де көп болуымен байланысты. Дәрігердің айтуынша, қала тұрғындары кәдімгі суық тиюді немесе ЖРВИ-мен маусымдық аллергияны жиі шатастырады. Себебі, қатты

айырмашылығы жоқ дейді маман. Бұрыннан аллергиясы бар адамдар оның жылда бір рет асқыныатынын біледі. Сондықтан бірден дәрігерге қаралады. Бірақ емді антибиотиктерден бастамау керек деп ескертті маман.

Науқастардың көпшілігі жастар мен балалар, бірақ егде жастағы адамда да болады. Негізгі белгілері – мұрыннан су ағады, бітеледі, түшкіру, кейде жөтел пайда болып, ауа жетіспей тұрғандай болады.

Маманның айтуынша, Алматыдағы негізгі аллергендер – ағаштар мен шалғын шөптердің тозаңы. Олардың ішінде ең жиі кездесетіні – қайың, терек, сондай-ақ әртүрлі шөп, соның ішінде атқонак, үйбидайық пен тарғақшөп. Бұл өсімдіктердің тозаңы алысқа тарап, қаланы кезіп жүреді.

Дәрігер аллергиялық ринитті емдеудің осы заманғы әдістері туралы да айтып берді. Ең алдымен, аурудың белгілерін басатын дәрілер қолданылады, сондай-ақ мұрынға арналған арнаулы спрейлерді де пайдаланылады. Сонымен қатар, бүгінде аллергенге арнаулы иммунотерапия (АСИТ) де кеңінен қолданылып келеді. Қазір ол ең тиімді емдеу әдістерінің бірі саналады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тайыр НҮРПЕЙІСОВ,
жоғары санатты аллерголог-иммунолог:

Өзін-өзі емдеу қауіпті

Өзін-өзі емдеу, әсіресе, антибиотиктерді есепсіз қабылдау асқындырып жіберуі мүмкін. Аллергияға бейім адамдарда дәрілік аллергияның пайда болу қаупі әлдеқайда жоғары. Ол есекжем, Квинке ісінуі немесе тіпті анафилактикалық шок түрінде көрінуі мүмкін. Өкінішке қарай, пандемиядан кейін біздің дәрігерлер осындай жағдайға жиі тап болып жүр. Кейінгі уақытта аллергиялық ринит едәуір жасарып кетті. Қазір екі-үш жастағы балалар да ауыратын болды. Сондықтан ата-ана кез келген белгіні инфекция деп ойлап, асығыс емдеуге кіріс-

пей, балаға дәрігердің рұқсатынсыз антибиотик бермеуі керек. Себебін дұрыс анықтау үшін педиатр немесе аллергологпен кеңескен дұрыс. Аллергияны емдеу әдетте бірнеше кезеңнен тұрады.

Алдымен антигистаминдік препараттардың көмегімен белгілер жеңілдетіледі. Мысалы, левоцетиризин қышынууды, түшкіру мен шырышты қабықтың ісінуін азайтады. Сондай-ақ, құрамында кортикостероидтары бар интраназальды спрейлер қолданылады, олар қауіпсіз, ағзаға да аса сіңбейді. Одан кейінгі кезең – аллергенге арнаулы иммунотерапия, ол емдеудің «алтын стандарты» болып саналады және тиімділігі 90 пайызға дейін жетуі мүмкін. Денсаулық жайына мұқият болған абзал. Аллергияның белгісі байқалса, бірден маманға жүгінген жөн.



Тайыр Нұрпейісов, жоғары санатты аллерголог-иммунолог

АБЫРОЙ

Медбикенің аялы алақаны

Арамызда балалардың денінің сау болып өсуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген медбикелер аз емес. Солардың бірі – Бағдагүл Батырханқызы. Ол мегаполистегі №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының массажисті. Медицинадағы еңбек өтілі – 40 жыл.

Бағдагүл Смағұлова кәсіби қызметін ересектерге арналған массаждан бастаған. 31 жыл бойы балалар массажистісі болып жұмыс істеген. Ал №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында 16 жылдан бері адал еңбек етіп келеді. Күн сайын оның қамқор да аялы алақанынан, алтын қолынан неврология, травматология, нейрохирургия, кардиология, пульмонология сынды бөлімшелердің кішкентай пациенттері өтеді. Ол балаларға тезірек қалпына келуге және белсенді өмірге оралуға көмектесетін емдік және дренажды массаж жасайды. Оның жұмысы тек жоғары кәсібилікті ғана емес, сонымен бірге үлкен жүректі, шыдамдылықты және балаларға деген шынайы сүйіспеншілікті қажет етеді.

Бағдагүл Батырханқызы – екі баланың анасы. Сондықтан да болар, ол ата-аналардың уайымын жақсы түсінеді және оларды әркез жылы сөзімен қолдап, демеп отырады. Бағдагүл Смағұлова биыл өзінің талай отбасына қуаныш сыйлап келген медицинадағы миссиясын аяқтап, еңбек демалысына шығады. Оның еңбегін бағалайтын, іздейтін, қамқорлығын әркез айтып отыратын жан-дәрднің көп болары сөзсіз. Қолыңыздың қуаты қайтпасын дейміз біз де тәжірибелі массажист-медбикеге.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Кардиология және ішкі наурулар ғылыми зерттеу институтында жүрекке сәтті жасалған кезекті операцияның нәтижесінде алматылық 18 жастағы ару өмірге екінші рет келді десек те болады.

Пациентті жүрек ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылуы бөлімшесінің интервенциялық аритмологы Бауыржан Ерболатов қарап, оған жүрек ішілік электрофизиологиялық зерттеу және қосымша өткізгіш жолды радиожиліктік абляция әдісімен жою үшін ауруханаға жату ұсынылды. Бұл клиникалық жағдайдың ерекшелігі – қосымша өткізгіш жол жү-

Алматыда «бүйрек Аүсті безінің цистаденомасы» бар пациентке жасалған ота да сәттімен өтті. Бұл – қатерсіз жылауықты түзіліс. Ол ауру пайда болған ерте кезеңдерінде, әдетте клиникалық белгілері болмайды және жиі кездейсоқ жағдайда анықталады.

64-тегі пациент №7 қалалық клиникалық ауруханаға сол жақ бел аумағындағы тұрақты, әлсіз сыздаған ауырсыну шағымдарымен келген. Ауырсыну синдромының себебін анықтау үшін бүйрекке

Жүрек ырғағы



ректің негізгі өткізгіш жүйесіне өте жақын орналасқан. Мұндай орналасу кенеттен жүрек тоқтап қалу қаупін арттырады.

Заманауи 3D-навигациялық жүйенің көмегімен жүрекке толық электроанатомиялық карта жасалды. Қосымша өткізгіш жолға радиожиліктік абляция сәтті орындалды. Ресей профессоры Сергей Артеменконың қатысуымен өткен мастер-класс аясындағы жүректің туа біткен патологиясы бар студентке жасалған ота 4 сағатқа созылды.

Бүйрек безі

УДЗ жүргізілді. Тексеру барысында үлкен жылауық түзіліс анықталды. Диагнозды нақтылау мақсатында пациентке іш қуысы ағзаларына КТ тағайындалды, аспаптық зерттеу нәтижелері бойынша сол жақ бүйрек үсті безінің жылауықты түзіліс анықталды.

«Операцияның техникалық жағынан күрделілігі ісіктің тікелей анатомиялық орналасуына байланысты. Жылауық ішперде арты кеңістігінде орналасқан және өмірлік маңызды құрылымдарға – көкбауырға,

ұйқы безіне, бүйрек артериясы мен көк тамырға, сондай-ақ қолқаға жақын орналасқан. Мұндай операцияларды жүргізу топографиялық анатомияны жетік білуді, жоғары дәлдікті және аз инвазивті хирургиялық технологияларды білікті меңгеруді талап етеді», – деп атап өтті аурухананың 2-хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, профессор Мұса Меңдібайұлы Сахипов.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Сотталған жасөспірімдер туралы қоғамда біржақты түсінік бар: оларды тек қылмыскер немесе бұзақы ретінде ғана көреміз. Алайда, әр баланың, оқиғаның артында тағдыр, өз-өзімен күрес һәм үміт бар. Біз Алматы қаласының Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемеде, яғни республикалық балалар колониясында, темір торда жазасын өтеп жатқан жасөспірімдермен әңгімелесіп, олардың жан-дүниесіне үңіліп көрдік.



ТҮРМЕ – СОҢҒЫ ҮКІМ ЕМЕС...

Балалар колониясындағы жасөспірімдермен өрілген сыр-сұхбат

«Адамдар бізден теріс айналмаса екен»

**ЕРАСЫЛ,
17-де, Қарағанды облысынан,
99-бап бойынша сотталған:**

– Үйдің кенжесімін. Қолөнермен айналысқанды жақсы көремін.

Мұнда 99-баппен отырмын. «Адам өлтіру». Оқиға былай болған. Көшеде досым екеуіміз келе жатқанбыз. Артымыздан төрт адам келіп, досыма тиісе жөнелді. Мен қалтамнан пышақ алып, төртеудің біреуіне сұғып алдым. Суық қаруым мойын тұсына тиген екен, көп қан жоғалтып, сол жерде жан тапсырды. Әрине, істеген ісіме өкінемін. Әке-шешеннен, жылы ұяңнан жырақта болу оңай емес. Қатты қиналдым. Өз-өзімді іштей жедім, мүжідім. Көп ойландым. Адам жалғыз қалған кезде миының ішіндегіні талдай бастайды екен. Өмірде отбасының, білім алудың, бостандықтың қаншалықты маңызды екенін сонда түсіндім.

Шыны керек, алдымызда не болатынын ойламай, жігіттің жөні осы екен деп бірден қызбалыққа беріліп кетіп, осындай ауыр жағдайға тап болып жатамыз. Жалпы, жігітке ұстамды, сабырлы болған абзал дер едім. Бір сәттік эмоция өмірді күрт өзгертіп жіберуі мүмкін. Қандай жағдай болса да, одан шығатын жол бар. Көмек сұраудан ұялмау керек.

Бостандыққа шыққанда жеке кәсіп ашқым келеді. Бірақ адамдар бізден теріс айналмаса екен. Екінші мүмкіндік берсе деген тілегім бар.

«Ойсыз болғанымға өкінемін»

**БИБАРЫС,
16-да, Алматы қаласынан,
191-192-баптар:**

– Мен колледжде, 1-курста оқып жүрген болатынмын. Бостандықта достарым өте көп болды. Үйде бес баламыз. Мен тұңғышымын. Өзімнен кейінгі іні-қарындастарыма үлгі болудың орнына осындай іске ұрынғанымға ұяламын.

Мен бұл қылмысқа ақша жоқтықтан және ойсыздықтан бардым деп ойлаймын. Қыс мезгілі еді. Тұрмысымыз да маз емес-тін. Әрі кейін ойлап қарасам, ортам да дұрыс болмапты. Сол ортада жүргенде көп нәрсе маған оңай, жеңіл көрінетін.

Мұнда түскенде «мен қайда келдім?!»

деп қатты торықтым. Сосын өзім құралпы балаларды көріп, бойымды үйрете бастадым. Әрине, бостандықтағы өмірге, өз үйіндегі еркіндікке жетпейді. Үй-ішімізбен таксофон арқылы сөйлесіп тұрамыз.

Бұрын мектепте мұғалімдер «Тәртіпке бағынған құл болмайды. Заңға бағынып, дұрыс, түзу жүрсендер, сендерде кімнің несі бар?!» деуші еді. Балалықпен сол сөздердің байыбын да түсінбеппіз. Колониядағы темірдей тәртіп мені есейтіп, өмірге деген көзқарасымды қырып-жонып, түзулеп жатқандай. Бос уақытымда кітап оқимын. Ондағы кейіпкерлерден де ой түйетін сәттерім болады.

Түннен кейін міндетті түрде таң атады ғой. Сол сияқты, жақсы күндерге сенемін. Менің де жақсы күнім туады деп ойлаймын. Тек енді адаспау керектігін ұғынуым керек.

«Бостандықтың ауасын жұтқым келеді»

**ЗАҒАР,
17 жаста, Ақмола облысынан,
120-бап:**

– Әке-шешемнің тұңғышымын. Жасыратыны жоқ, өте бұзық бала болдым, ерке едім. Есерсоқтығыңды үйінде көтереді, ал көпшілік арасында, қоғамдық ортада сенің еркелігің ешкімге керек емес екенін енді

түсініп жатырмын. Мен қылмысқа ойсыздығымнан бардым. Әрине, бармағыңды тістейсің. Сот болып, жаза кесіліп, осы жерге түскенде барып қайда келгенімді бір-ақ түсіндім. Қатты күйзелдім. Қайта менің алдымда түскен балалар сөзімен болса да қолдау көрсетті. Сосын барып тіктелдім.

Мұндағы күнім қызықты өтіп жатыр десем өтірік болар, бостандықты аңсайсың. Күнді күндерге жалғап жүріп жатырмыз. Әке-шешемнің сөздерін жүре тыңдаушы едім. Қадірін енді біліп жатырмын. Қазір өзімді өзгертуге тырысып жүрмін. Бос уақытта шахмат, тоғызқұмалақ секілді ойды ұштай түсетін ойындарды серік етемін.

Колонияда шаштараз, дәнекерлеуші мамандығын оқып жүрмін. Бітірген соң сертификат береді. Сотталып келді деген атақ қайбір жақсы, бәлкім кейін қоғамға кірігіп кетуіме сол сертификат дәнекер болар деп үміттенемін.

Дәл қазіргі арманым – даладағы еркіндіктің, бостандықтың ауасын жұтқым келеді.

«Әлі де кеш емес...»

**НҰРАМАН,
17 жаста, Батыс Қазақстан
облысынан, 106-бап:**

– Қыздардың арасында жалғыз өскен

ұлмын. Үйде менің айтқанымның бәрі орындалғанға үйренген бала болдым. Бұл қылмысқа абайсызда ұрынып қалдым. Қазіргі күні жасөспірімдердің кейбірі ата-анасының сөзіне құлақ асқысы келмей, жылтырақты сырттан іздейді. Бұл – қате. Әке-шеше ешқашан балам жаман болсын демейді екен. Басыңа қандайда бір қиындық түссе, қорықпаңдар, бірден ата-анаңа жүгін, ақыл сұра, кеңес дер едім. Сенің бұл өмірдегі ең бірінші жанышырың, ешқашан сапайтын адал досың – әке-шешен.

Мұндағы әр күніміз бір-біріне ұқсас. Таңғы сағат 7-де ұйқыдан тұрамыз. 8-де таңғы асқа келеміз. 8.45-тен 13.55-ке дейін мектепте сабақта боламыз. 14.00-де түскі ас. Сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін колледжде келеміз. Сонда кәсіптік білім алып жүрміз.

Бос уақытымызда кітап оқимыз. Спортпен айналысамыз. Футбол, волейбол ойнауға жағдай жасалған бізде. 18.30-та кешкі ас. Одан соң кешкі сағат 21.00-ге дейін еркін уақыт, қалаған ісімізбен айналысамыз. Бір-бірімізбен әңгімелесеміз. Көңілсіз жүргенімізді байқаса, жасақ бастығы үнемі көмекке келеді. Теледидар көреміз. Сосын камераға кіреміз. Күнде осы режим.

Қатемді толық түсіндім. Қатты өкінемін. Өз-өзімді жақсы қасиеттерге іштей дайындап жүрмін. Болашақтағы арманым – ата-анамды қажылыққа апарғым келеді. Ол кісілердің мұңайған сәттерін ешқашан көргім келмейді. Универге тапсырып, жоғары біліп алу да жоспарда бар. Ештеңе де кеш емес деп ойлаймын.

(Осы мақаланың әзірленуіне қолдау көрсеткен №11 мекеменің Әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысы бөлімінің қызметкері Еркегүл Жеңісханға алғыс білдіреміз).



Нұржамал ӘЛІШ,
журналист.



«ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!»

Құрметті «Almaty aqshamy»
газетінің оқырмандары!

2026 жылғы басылымға жазылып,
бағыңызды сынаңыз!

Биыл да «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық
байқауының өз жазылушыларына арнаған
бағалы сыйлықтары бар.

Байқау қатысушылары арасындағы сыйлықтарды
ойнату және марапаттау рәсімі 2026 жылы 21 наурыз,
сенбі күні сағат 15.00-де «Aport Mall East» сауда-ойын-
сауық орталығында өтеді.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Құлжа тасжолы, 106.

Байқау ережесі қарапайым. Ұтыс ойынына қатысқыңыз
келсе, басылымның 2026 жылға жазылғаныңыз
жөніндегі түбіртегін «Жазыл да, ұтып ал!» деген
белгімен редакцияға жолдасаңыз жетіп жатыр.

Барлық сұрақтар бойынша «Таралым және жарнама» бөліміне хабарласуға болады:
293-08-12, 293-08-25, +7 707 948 73 78.



Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау жөнінде прокуратураға жүгіну механизмі, сондай-ақ сотқа шағымдану тәртібі туралы материалдарды жариялау

Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қорғау мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағытта прокуратура органдары заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырып, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша тиісті шаралар қабылдайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда прокуратура органдарына жүгінуге құқылы. Мұндай өтініштер жазбаша түрде, жеке қабылдау арқылы немесе электрондық форматта жолдануы мүмкін. Өтініште мәселенің мән-жайы нақты әрі түсінікті баяндалып, қажет болған жағдайда оны растайтын құжаттар мен дәлелдемелер қоса тіркелуі тиіс.

Прокуратура органдары келіп түскен өтініштерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен қарап, олардың мазмұнына қарай тиісті шаралар қабылдайды. Атап айтқанда, заң бұзушылықтарды жою, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, сондай-ақ кінәлі тұлғаларды заңнамада көзделген жауаптылыққа тарту мәселелері қаралады. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тағы бір маңызды тетігі – сотқа жүгіну болып табылады. Егер азамат немесе заңды тұлға мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қабылдаған шешімімен, әрекетімен немесе әрекетсіздігімен келіспесе, ол сот тәртібімен шағымдануға құқылы. Сот арқылы құқықтарды қорғау – заңмен кепілдендірілген конституциялық құқықтардың бірі.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдардың шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты дауларды қарау тәртібі әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл ретте азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің құқықтар

ы мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа талап қоюға немесе шағым беруге құқылы.

Сотқа жүгіну кезінде талап қою арызында немесе шағымда істің мән-жайы, талап қоюшының талаптары, сондай-ақ оларды негіздейтін дәлелдемелер көрсетілуі тиіс. Қажет болған жағдайда талап қоюға тиісті құжаттар, шарттар, хаттамалар, жауап хаттар және басқа да материалдар қоса тіркеледі. Сот іс материалдарын жан-жақты және объективті қарап, заң талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

Сот арқылы құқықтарды қорғау азаматтардың және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қалпына келтірудің тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл ретте сот шешімдері міндетті түрде орындалуға жатады және оларды орындау заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

Құқықтық мемлекет жағдайында әрбір азамат пен заңды тұлға өз құқықтарын қорғаудың заңды тетіктерін

жақсы білуі қажет. Құқықтық сауаттылықтың артуы қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің нығайтуына ықпал етеді. Осыған байланысты прокуратура органдары азаматтардың құқықтарын қорғау, заңдылықты қамтамасыз ету және заң бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды тұрақты түрде жүзеге асырып келеді.

Азаматтардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау, олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету прокуратура органдары қызметінің басты бағыттарының бірі болып қала береді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

#Заң_және_Тәртіп

КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ КӨҢІЛДІ ӨТТІ

Алматыдағы Ұлттық Ауланның 5571 әскери бөлімінде көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Әскери бөлім ұжымы нәзік жандыларға ерекше құрмет көрсетіп, олардың еңбегін бағалап, мерекелік көңіл күй сыйлады.



Дана
САДЫРҚАН

Аналар мен аруларды ардақтайтын, мейірім мен ізгіліктің символына айналған ерекше мерекеге орай ұйымдастырылған жиынға әскери бөлімде қызмет атқарып жүрген әйел әскери қызметшілер, азаматтық қызметкерлер және сарбаздардың жұбайлары қатысты. Мерекелік кештің басты мақсаты – нәзік жандыларға құрмет көрсету, олардың қоғамдағы және әскери ұжымдағы маңызды рөлін атап өту болды.

Іс-шара барысында әскери бөлімнің Қолбасшысы мен құрама командирі сөз сөйлеп, аруларды көктемнің ең әсем мере-

кесімен шын жүректен құттықтады. Олар өз сөздерінде әйел азаматтардың қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтіп, отбасындағы жылулық пен мейірімді сақтаушы ғана емес, қызметте де үлкен жауапкершілікпен еңбек етіп жүргенін жеткізді.

Салтанатты бөлімде әскери бөлімнің дамуына және қызмет барысындағы жауапкершілігімен көзге түскен нәзік жандыларға Қолбасшы мен құрама командирінің атынан Алғыс хаттар

табыстылып, мерекелік гүл шоқтары ұсынылды. Бұл марапаттар қайсар да, нәзік жандылардың еңбегіне көрсетілген ерекше құрметтің белгісі болды.

Жиынға Мәдени-демалыс орталығының қызметкерлері де қатысып, өз өнерлерін паш етті. Олар дайындаған концерттік бағдарлама мерекелік кештің мазмұнын байытып, көрерменге ерекше әсер қалдырды.

Ұйымдастырылған мерекелік іс-шара нәзік жандыларға ерекше көңіл күй сыйлап, олардың

еңбегіне деген құрметтің жоғары екенін тағы бір мәрте көрсеткендей. Әскери қызмет – үлкен жауапкершілікті талап ететін сала болғанымен, бұл қызметте еңбек етіп жүрген әйел азаматтар өздерінің кәсібилігімен, табандылығымен және еңбекқорлығымен ерекше көзге түсіп келеді.

Осындай тағылымды әрі мерекелік іс-шаралар әскери ұжымдағы бірлік пен ынтымақты арттырып, әріптестер арасындағы сыйластықты нығайта түсетіні сөзсіз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – Есхат БОЖАН
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітказы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА

«Демеуде» мерекелік кеш өтті



Суретті түсірген Самаг СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Демеу» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында «Қайырымдылық – асыл қасиет» атты мерекелік концерт өтті. Бағдарламаны «Алматы әуендері» КМҚК шығармашылық ұжымының солистері ұсынды.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Қайырымдылық күніне орай ұйымдастырылған мәдени іс-шараның басты мақсаты – өмірлік тәжірибесі мол қарттарға шаттық сыйлап, мереке қарсаңында олардың көңіл күйін көтеру. Әуезді әндер мен жылы лебіздерге толы кеш барысында орталық тұрғындары ерекше көңіл күйге бөленді.

Кеш барысында қазақ эстрадасының жұлдыздары – Саят Нұрғазин, Қазыбек Әдікей және Дәлел Уәш сахнаға шығып, әсем әндерін орындап, аға буын өкілдеріне құрмет көрсетті. Өнер иелерінің жүректен шыққан әндері көрерменге ерекше әсер сыйлап, залда жылы атмосфера орнатты.

– «Алматы әуендері» шығармашылық ұжымының атынан орталықтағы мүмкіндігі шектеулі жандардың көңіліне шаттық сыйлау мақсатында өнер кешін ұйымдастырдық. Қасиетті Рамазан айында жасалған бұл игі іс – халқымыздың өнерін дәріптеп, жүректерге жылулық ұялатудың бір көрінісі. Көңіліне мұң ұялаған жандарға үміт сыйлап, жарқын болашақ тілейміз. Алматы қалалық Мәдениет басқармасына қарасты өнер ұжымдары әрдайым осындай ізгі бастамалардың жанынан табылып келеді. Баршаңызды Көрісу мерекесімен құттықтаймыз! Ел іргесі аман, жұртымыз тыныш, елімізде бейбітшілік пен береке орнай берсін, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәлел Уәш.

Сонымен қатар, қайырымдылық іс-шаралары аясында «Жаңа ғасыр» театры «Шыңға өрле, биікке самға» әлеуметтік клубының тәрбиеленушілеріне шығыс ертегісінің желісі бойынша «Алладин» спектаклін ұсынып, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Іс-шара соңында орталық қызметкерлері ұйымдастырушылар мен өнерпаздарға алғыс білдіріп, мұндай рухани кештердің адамға ерекше қуат пен үміт сыйлайтынын атап өтті.

Адам өмірінде зейнетке шығып, қарттық дәуренді көру деген де бір белес. Ал осы уақытты мағыналы етіп өткізу дегеніңіз, тіпті зор бақыт. Дегенмен, осынау алтын кезеңді тиімді өткізу әркімнің өзіне байланысты. «Зейнетке шықтық екен» деп қарап отырмай маңайына нұрын шашып жүрген өнерпаз әжелер тек Жетісу ауданының ғана емес, Алматының мақтанышына айналып отыр. «Беу, айдай!» деп әндеткен әжелер ансамблінің әрбір мүшесі осынау құрметке лайық.

«БЕУ, АЙДАЙ!»

Әжелер зейнеттің сәнін әнмен әрледі



Рая
ЕСКЕНДІП

Алғашында «Беу, айдай!» әжелер ансамблі 2016 жылы «Қайран жастық» ансамблі болып құрылған еді. Алғашқы күннен-ақ халықтың інжу-маржанын жаңғыртып, ұмыт бола бастаған әндерді қайта өңдеп халыққа жеткізуді мақсат етіп қойды. Он жыл бойы ізденген ансамбль сол межеге жетті де. Олардың репертуарында ұлы Абайдан бастап, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Әбілахаат Еспаев сынды композиторлардың әндері жаңаша түрленіп, халқымен қауышып жатыр. Әсіресе, ансамбль мүшелері қазақтың көне музыкасын, дәстүрлі өнерді дәріптеп жүр.

Байқасаңыз, өнерпаз әжелердің ешқайсының да музыкалық білімі жоқ, соған қарамастан еңбек пен ізденіс, ең бастысы өнерге деген махаббаттың арқасында зор табысқа қол жеткізіп отыр. Ансамбльдің қалыптасуына Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры Әдемі Қанабекова, «Мәдениет үйінің» директоры Роза Хамитқызы көп қолдау білдірді. Осы өнер ұжымының мүшесі Мырзахан Құныпияева «Әжелер сайысында» бас жүлде, ал «Сен



сұлу» конкурсында I орын иеленсе, Бетес Сейітханқызы республикалық, Халықаралық фестивальдің Гран-при жүлдесін жеңіп алды. Осы жылдар ішінде аталмыш ұжым кәсіби өнер иелерімен бірге Жамбыл атындағы филармонияда, Республика сарайында, М.Әуезов театрының кіші залында өнер көрсетті.

САН ҒАСЫРЛЫҚ САРЫН

суретшінің ойымен өрнектелген

Қами Айтқалиев – көркемдік ойлауы ауқымды, түрлі жанрды еркін меңгерген, өз стилін қалыптастыруда шектеулерге бағынбайтын суретші. Ол өз шығармаларында дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, кеңістікті және форманы тәжірибелер арқылы зерттейді.



Нұржамал
ӘЛІШ

Оның шығармашылығындағы түстер мен композициялық шешімдер әрдайым көрерменнің эмоционалды қабылдауын оятуға бағытталған. Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінде суретші-монументалист, график, кескіндемеші әрі сәндік-қолданбалы өнерде өзіндік жаңашыл тілін қалыптастырған Қами Айтқалиевтің «Сан ғасырлық сарын» атты мерейтойлық көрмесі ашылды. Экспозицияда шебердің көпжылдық шығармашылық жолын және оның өзіндік көркемдік тілін көрсететін 60-тан аса туынды ұсынылды.

Суретші 1972–1991 жылдары Алматы қаласындағы Өнер комбинатында еңбек етіп, бүкілодақтық және республикалық көрмелерге тұрақты түрде қатысады. 1979 жылы Қазақстан Суретшілер одағына суретші-монументалист мамандығы бойынша қабылданып, еліміздің бірнеше облысында мемлекеттік және қоғамдық тапсырыстар негізінде ауқымды көркемдік жұмыстар атқарады.



(Суреттерді түсірген автор).

Қами Айтқалиевтің шығармашылығы тәуелсіздік жылдарында да жоғары бағаланып келеді. 2014 жылы республикалық мұнай-газ тақырыбына арналған «KazEnergy» байқауында бас жүлде және екі ынталандыру жүлдесін жеңіп алады. 2017 жылы Кипрдегі Қазіргі заман өнері музейінің шақыруымен шығармашылық сапар жасап, бірқатар туындысын дүниеге әкеледі. Ал 2023 жылы «Ұмай» ұлттық өнер байқауында дипломант атанса, былтыр республикалық «Ұлттық құндылықтар» байқауында I орынды иеленді. 2018 жылы ҚР Суретшілер одағының 85 жылдығына арналған көрменің ашылуында Әбілхан Қастеев атындағы «Үздік шығармашылығы үшін» алтын медалін алды.

Қами Айтқалиевтің шығармашылығы әрдайым тәжірибе мен ізденіске толы. Ав-

тор құрақ құрау, ши тоқу, жүн өңдеу секілді дәстүрлі қазақ қолөнері әдістерін заманауи тұрғыда қолданады. Бұл тәсілдер ұлттық мәдениеттің терең тамырларынан қуат алып, жаңа форма мен мазмұнға жол ашады. Осы арқылы оның туындылары ерекше мәнге ие болып, қазақ сәндік-қолданбалы өнерін жаңаша серпінмен жандандырып, өткен мен бүгінді байланыстырады. Оның «Аңыз ана», «Жаңбырдан кейін», «Күту», «Аңшылар» атты шығармаларында осы ізденіс пен ұлттық өнерге деген терең құрметті айқын көрсетеді. Әр жұмысында автор табиғатпен, дәстүрмен және адамның ішкі әлемімен үндескен ойлар мен сезімдерді шебер жеткізіп, көрерменді жаңа көзқарасқа жетелейді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақбота ӘЛІМХОЖИНА, «Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері» бөлімінің ғылыми қызметкері:

Сызық пен ырғаққа негізделген ізденіс

Суретші кескіндеме жанрында да өзіндік шығармашылық тілін қалыптастырған. Оның жұмыстарында монохромды бояу шешімдері, сәндік және монументалдық сипат айқын байқалады. Бұл ерекшелік Айтқалиевтің ішкі көркемдік қажеттілігінен туындап, кеңістікпен үйлесімді композициялық құрылым құруға бағытталған. Аталған сипаттар оның «Ет», «Ауылым», «Көкпар» атты туындыларынан анық көрініс табады. Ондағы пішіндер мен түстердің пластикалық тіл арқылы өзара үндесуі байқалады.

Суретшінің шығармашылығын зерттеу барысында композициялық шешімдерге, түс палитрасына және пластикалық тәсілдердің мәніне ерекше назар аудару қажет. Әр туындыдан ішкі динамика мен эмоциялық экспрессия сезіліп, көрерменге автордың шығармашылық көзқарасын терең ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл көрмеде суретшінің графикалық туындылары да ұсынылды. Олар автордың пластикалық ойлау жүйесін, сызық пен ырғаққа негізделген ізденістерін айқындай түседі.